

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Солтүстік Қазақстан облысы

Абдрахман Берік.....	2
Айтхурман Джанадил.....	4
Ануар Минара.....	6
Баянова Акбота.....	9
Бимендеев Серік.....	12
Болатова Камила.....	14
Ерсаинова Маншүк.....	16
Есмадова Аружан.....	19
Зайденова Мейрамгүл.....	20
Кажгалиева Гульден.....	23
Кажгалиев Канат.....	25
Каирбеков Гомарбек.....	25
Киселева К.....	28
Коваленко Татьяна.....	29
Кулиев Ерсін.....	33
Қабжан Балғын.....	34
Мерк Марина.....	36
Мұрсалиқызы Нұрсұлу.....	38
Мұратбекқызы Райхан.....	40
Наматова Үміт.....	42
Нұрсейтов Темирлан.....	44
Нұртазина Нұрсұлу.....	47
Нұрманов Руслан.....	49
Рахимжанова Салтанат.....	51
Саденова Раушан.....	54
Секенов Даниал.....	56
Сивнбаева Кымбат.....	58
Смағұл Балжан.....	62
Сухлова Юлия.....	64
Телеген Әділ.....	67

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Усенова Камила	68
Хафизов Хасен	71
Шаймерденова Толғанай	72

Абдрахман Берік

10-сынып, Ақтүйесай орта мектебінің Уәлиханов
ауданы Солтүстік Қазақстан облысы Жетекшісі:
Калимова Айжан Сейлбековна

Шүйінші, халқым, шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз.
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен.
Жендік жауды күресте
Жасалсын той-мереке!
Т.Жароков

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына жетпіс жыл да болып қалды. Бұл – сол кездегі кеңес халқының ержүректігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасында, егіс даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып, бақытты өмірді қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған еліне, жеріне оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске алады.

Бұл мейрамды бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған он бес одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ауыр күндер болды. Төрт жыл, мың төрт жүз он сегіз күн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерлік, қайтпас қайсарлық көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ – ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық. Ұлы байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқыныш деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ, кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына көзіміз анық жетеді. Соған мысал ретінде айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі екі жарым-үш миллион қазаққа шаққанда басқа халықтан асып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбының арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған басқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған зауыт пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар, иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін елестету мүмкін бе еді?!

Қазақ деген – батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе, Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса, Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қиыннан қиыстырып жол табар Абылайдың тірлігі бар ел. Қазір өз алдымызға егеменді мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес Одағы барлық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халықтардың ортақ мемлекеті болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең; жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыздың қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкпеді десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығын паш етті.

Аса қадірменді Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне мың да бір алғыс пен шексіз құрмет білдіремін. Жетпісінші Жеңіс күні құтты болсын! Бейбітшілік жасасын

Айтхурман Джанадил

9 сынып, «Тихоокеанск орта мектебі»КММ

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы Тихоокеанское селосы

Жетекшісі:Хуан Галия

Ерлік пен елдік

Ерлік-елдік қасиеті,
Жүректілік-жігіттің қасиеті.

Бауыржан Момышұлы

Жеңіс! Бұл қандай қасиетті сөз десеңші! Әсіресе Отан үшін алапат майданда шыбын жанын шүберекке түйген азаматтар Жеңістің бағасын анық біледі.

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңісімізге 70 жыл яғни 1945 жылы 9 мамырда Рейстахқа Кеңес әскерлерінің ту тігіп, Отанымызға бейбітшілік таңының атып келгеніне де 70 көктем болыпты.

Ұлы Отан соғысы әр адамның жүрегіне түрлі жара салды. Өткен тарих, өшпес із санамызда мәңгі жатталып қалары сөзсіз. Алайда, осы қан майданның куәгерлері арамызда жыл сайын сиреп барады. Өкініштісі осы.

Қазіргі кезде сол сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен ардагерлеріміздің қатары, өкінішке орай азайып кетті. Дегенмен, олардың батырлығы елге деген ілтипаты кейінгілерге үлгі-өнеге, жау қолынан мерт болған бабаларымыздың есімдері әрқашан ел есінде.

Соғыс уақытында елдің тірегі болған бүкіл ер-азамат соғысқа аттанып, ел үшін, жер үшін қандарын төгіп жатқанда ешкімнің де қол қусырып отыруға азаматтығы да, намысы да жібермеген. Сол кездегі халықтың арманы, тек Жеңіс еді. Елдің азаттығы үшін үрейдің не екінін ұмытып, қолдарына қару алды. Құдайға шүкір арманымыз іске асып, мемлекетіміз тәуелсіздігін алып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еңселі ел болды. Бұл-ардагер аталарымыз бен ағаларымыздың арқасы екені кім-кімге де айғақ.

Ұлы Отан соғысының тарихта қалдырған ізі мәңгілік. Сонау сұрапыл соғыстың зобалаңын, қара нардай көтерген ардагер аталарымыз бен ауылдың ауыр жүгін арқалаған ардақты әжелеріміздің орны біз үшін әрқашан бөлек.

Еліміз үшін естен кетпес мереке-Жеңіс күні өткенімізді тағы бір еске салса, бейбіт өмір үшін мерт болған аяулы жандар аз емес еді. Еліміз осы асыл жандардың арқасында халқымыз 70 жыл бейбіт шат-шадыман өмір сүріп, Отан дәулетін арттырып, еңбек етуде. Бұл ардагерлер ерлігінің жемісі десек, адамзат тарихындағы сұрапыл соғыста бүгінгі ұрпақтың бақыты мен болашағы үшін күрескен аға буынның теңдесі жоқ ерліктері санада әрдайым жаңғырып келеді. Сондықтан Жеңіс күні ешуақытта ұмытылмайды.

«Ел ауырын ер көтерер, жүк ауырын нар көтерер» демекші, Ұлы Отан соғысы жылдары аманат арқалаған жерлестеріміз майданда ерлік көрсетіп халық мақтанышына айналып отыр.

Бұл Жеңіс қастерлеп, жадымызда мәңгі сақтау және оның дәстүрлерін жалғастыру, қасиетті Отанымыз-Қазақстанда ұлтаралық татулық бейбіт өмір, халықтар бірлігін бұлжытпай сақтау біздердің парызымыз.

Бауыржан Момышұлы атамыз «Отан үшін отқа түс» деп айтқандай қандастарымыздың ерлігі кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Жүрегімді соғыс салған жара бар,
Жазылмайтын ауыр дертпен пара-пар,
Адам жаны төзімді екен болмаса,
Құлар еді басқа тұрмақ, қара нар.
Көз алдымда бұлдыр тұман қалқыған,
Жас жанымды соғыс өрті шарпыған.
Балалығым жалаң аяқ, жалаң бас
Қуып жеткен жан көкемнің артынан.

-деп Есләм Зікібаев ағамыз соғыс жылдарындағы мұңын, жаралы жүрегін өлең жолдарымен өрнектесе керек. Ағамыздың ойына қосыла отырып, өз ойымды өлең жолдарымен қорытындылағым келеді.

Болды да соғыс сол кезде,
Бүлінді өмір шырқысы,
Бұзылды сәби күлкісі.
Жолында қалды жапан-түз,
Жарқырап дала күрсінді.
Жазалады жазықсыз
Жас бөбекті қыршынды.
Жер жүзінде әр елде,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Айтады адал жан тегіс:
-Болмайды соғыс әлемде,
Болмасын қайта қан төгіс!

Енді еліміз тыныш болып, соғыс болмасын! Ұлы Жеңіс мәңгі жасасын,
ардақты ардагер аталарымыз! Мәртебесі биіктесін 70 жыл!

Ануар Минара

10 – сынып оқушысы, Тимирязев жалпы білім беретін
қазақ мектеп – интернаты Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязево ауылы
Жетекші: қазақ тілі пәні мұғалімі
Мелихова Диана Анатольевна

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды

Шүйінші, халқым, шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан ата-анамыз,
Шаттан, аға - бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жендік жауды күресте
Жасалсын той - мереке.
Т.Жароков

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Аспанымызда жеңіс туы желбірегеніне - 70 жыл. Соғыс өрті өшіп, қайғы-мұңнан арылып, бейбітшілік орнағанына 70 жыл. Араға бірер ай салып адамзат өз тарихындағы қаһарлы соғыстағы жеңістің 70 жылдық мерекесін тойламақ. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Біздің халық соғыстың ащы дәмін татып, зардабын тартқан. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден астам жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Оларды атап өтсем: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және т.б.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс туралы ойларын Бауыржан Момышұлы «Қанмен жазылған кітапта» атты еңбегінде жазған екен. «Отанды сүю – иманнан», - деп хадисте айтылғандай, Бауыржан атамыз елім деп ет жүрегі елжіреген ерлердің бірі. Осы кітапта Бауыржан атамыз «қазақ халқы дәл осы Ұлы Отан соғысында өзін халық ретінде әлемге танытты, аса бай тәжірибе жинап, жоғары көтерілді», - дейді, «Батырлықты ұмыту – халықтың трагедиясы. Тарих мұны бізге кешірмейді».

Әрине, біз ұмытпасақ, бізден кейінгілер де ұмытпайды. Қазіргі бейбіт заманның өзінде соғысып жатқан мемлекеттерді теледидардан көргенде, бойымды үрей мен қорқыныш билейді. Тәубе, біздің еліміз талай этностың басын біріктіріп, бір шаңырақтың аясында, елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында бейбіт өмір кешіп отыр. Жеңіс.... Қандай қасиетті ұғым. Біздің сайран салып жүргеніміз жеңіс үшін күрескен есіл ерлердің арқасы емес пе? Олар жеңіс үшін барлығын құрбан етті.

Соғыс кезінде қатардағы жауынгер болған мен өзімнің әкемнің атасын қосқым келеді. 1941 жылы ағаларымыз бен аталарымыз өз елін, жерін қорғау үшін соғысқа аттанды. Менің атам Преснов аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып қатардағы жауынгер болды. Атам Дайыров Мәлік 1914 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Есперлі ауылында дүниеге келді. Сол бір қиын-қыстау жылдарда өз отбасын қимай менің атам да соғысқа аттанған екен. Әжем болса атамның жоқтығын білдірмей елмен бірге еңбекке араласыпты. Бала-шағасын асырап, тәрбиелеп өсіріпті.

Сөйтіп 1945 жылы соғыс аяқталды. Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Тірі қалғандар отбасыларын қуанып келді, қаза болғандар сол аймақтарда жерленді. Ал менің атам хабарсыз кетті. Оның қай жерде жерленгенін білмеу, мен үшін және оның отбасы үшін өте ауыр.

Жақында біздің мектеп ішіндегі кітапханаға аудандық ақсақалдар кеңесінен «Боздақтар» атты бірнеше кітап сыйланған. Сол кітап арқылы мен өз атамның қай жерде жерленгенін таптым. Тапқаныма өте қуаныштымын. Мен «Боздақтар» кітабы шығып, біздің мектебімізге жеткеніне ризамын. Себебі әрбір оқушы соғыстың жеңіл болмағанын білуі тиіс. Осы кітап арқылы елімізді қорғаған аға - аталарымыздың қайда туып, қайда жерленгенін әрбір бала біле алады. Мен өзімнің атамды мақтан тұтамын. Біздің елімізге зор үлесін қосқаны үшін оған ризамын. Жеңіс қамалын тұрғызған, бейбітшілік күнін туғызған жауынгер ағаларымыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. Ұмытуға да хақымыз жоқ. Уақыт өткен сайын сонау сұрапыл қырқыншы жылдар оқиғасы тарих қойнауына еніп, оған қатысушылар қатары азайып барады. Арамызда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жүрген көзі тірілерін әркез ардақтап, қамқорлыққа бөлеп, оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу біздің міндетіміз деп білем. Біздің бүгінгі күнді көруіміз осы аталарымыздың арқасы емес пе?! Ал соғыста апат болғандарын құрметпен еске алып отыру - бүгінгі ұрпақтың адамгершілік парызы. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан - қиярлық ерлігі, Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» - деп айтқан болатын. Біз майдангерлер алдында және соғыс жылдарында тылда жан алмай еңбек еткен қажырлы жандар алдында басымызды иеміз. Әрбір мемлекеттерде, облыстарда Жеңістің 70 жыл мерей тойына арнаулы мерекелік іс-шаралар басталды, сондай іс-шаралар біздің ауданда да болады. Жеңіс шеруіне кеуделері орден - медальға толы ардагерлерді ерекше салтанатқа бөлеп шығарады. Ардагерлерге қаладағы ең жайлы қонақ үйлерді еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, үлкендермен бірге еңбек еткен тыл еңбеккерлерінің арнайы жеке бөлмелер беріліп жатыр, меніңше мұны істегендері өте дұрыс, менімен бәрі келіседі деп ойлаймын, себебі майдангерлер мен тыл еңбекшілер осыған лайық! 9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Көптеген игі - шаралар барысында Қ. Бекхожинның шығармасынан мына үзінді есіме түседі.

Жеңістің үндері бар жырларымда»
Көз тіксем сонау селді өткеліме
Сұстанам от сұрапыл шеккенге,
Ерлермен майдан зілін сілкідім бір,
Масайрап сол күн жеңіс көктемінде
Жеңістің өр дауысы бар жырларымда,
Сол үн бар шаттық шақтың гүлінде
Жеңістің өрен дауысы жаңғырықты,
Еңбектің дүбірінде,ырғағында,-

демекші, жеңіс көктемі нұр әкелсін. Қазақстандықтар елімізді кеудесімен жауып, дүниені фашизмнен сақтап қалған аға - ұрпақтың ерлігін ешқашан ұмытпаймыз. Қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгінгі арамызда асқар таудай болып жүрген аталарымызға, апаларымызға басымызды иіп, тағзым етейік. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ата - апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан кең даласы, аспаны ашық болсын! Бүгін біздің азаматтық міндетіміз - болашақ ұрпақты, кішкентай бүлдіршіндерді өз Отанын сүюге, елінің, жерінің патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Өсіп келе жатқан ұрпақ 9 мамыр Жеңіс мерекесінің мәні мен мазмұнын терең түсініп, ерлік пен еңбектің қадірін біле алатын дәрежеге көтеріле алатыны даусыз.

«Ерлігіңді ел ұмытпас, еске аламыз бүгін бәріңді» - деп ақын ағаларымыз жазғандай, соғыс ардагерлерін мәңгі ұмытпаймыз, келешек жас ұрпақ, біз - олардың ізін жалғастырамыз. Ауыр жылдар артта қалды. Жер бетінде тыныштық орнады. Елімізде тыныштық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Баянова Акбота

11-сынып, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы,
" Майбалық орта мектебі" КММ
Жетекші: Тағудретова Ботагоз Бейбитовна

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды!

Тауды биік демендер,
Талаптансаң шығарсың.
Жауды мықты демендер,
Ерлік қылсаң жығарсың.
Н.Байғанин

Қазақ елі, шынымен, жаудың да мықтысынан, таудың да биік белесін жеңіп, асқар асулардан асқан іргесі берік, қайратты, қазіргі күнде тілегі мен бірлігі жарасқан, елбасымыз айтқандай тәуелсіздігіміз тұрақты Мәңгілік ел болуға талпынған мемлекетпіз.

Мен соғысты көргенім жоқ. Себебі, мен тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде дүниеге келдім. Мен соғысты алғаш рет бала күнімде атамның естеліктерінен, әңгімелерінен тыңдап, атамның өзі сияқты соғыс ардагерлерінің әңгімесінен білемін.

Биыл – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл толғалы отыр. Соғыс өзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегін әлі сыздатуда. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған соғысқа қатысқан аталарымыз ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста миллиондаған адамдардың өмірі қиылды. Отанын жаудан қорғау үшін көп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктері мен жауға қарсы тұрды. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз, батыр қыздар Мәншүк пен Әлия, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерліктерін неге ұмытамыз?! Бұлар біздер үшін үлкен мақтаныш!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. "Неменеңе жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр", - деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?!

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қазақ елінің - өмірлік ұстанымы, символына айналған дүние.

Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат! Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Отанды сүю – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш ерлер есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күннің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Қорыта келгенде, ата – бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Оны ұмытуға да хақымыз жоқ. Жаңғырту жолында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің соңғы халыққа арнаған Жолдауында: "Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы! 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз",- деп баса айтты. Бабалар әперген тыныштықты сақтап, патриоттық сезімімізді еш жоғалтпай, Ел Бірлігін нығайту әрбір жастың міндеті. Әсіресе жастар өткенімізді ұмытпай, дәріптеп, аталарымыз алып берген бейбіт өмірді бағалай білуіміздің арқасында ғажайып әлемнің куәсі болып отырғанымызды да ұмытпайық.

Қазақ елі, соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытпауға тиіспіз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін. Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Ол оқиға - Ұлы Жеңіс!

Шығармамды өзімнің пәк жүрегімді жарып шыққан мына бір өлең жолдарымен аяқтасам деймін:

Жеңіс туы көк аспанда желбіре,
Тәуелсіздік мәңгі азат елімде.
Ұлы Жеңіс ұмытылмас еш уақыт,
Біздей ұрпақ тірі тұрған кезінде.
Қазақ елі болсын ұзақ ғұмырың,
Деп тілейді әрбір сенің ұл-қызың.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Жеңіс ұрпақ үшін мақтаныш,
Қазақ елі, жайнай берсін жұлдызың!

Бимендеев Серік

8 сынып, № 1 Новоишим орта мектебі Новоишим селосы
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Солтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Әлібаева Дина Әбілқызы

Сталинградтағы Қазақ көшесі

1942 жылы шілде айында жарты жылға созылған Сталинград шайқасы басталды. Фашистік Германия совет әскерінің қарсыластығын тез арада жойып, тоқтамас шерумен Волгаға дейін жетуді жоспарлады. Волга және Дон өзендерінің арасында қанішер соқтығыстарда көптеген әскерін жоғалтқанымен, қарсыластарға біздің әскердің қорғанысын бұзып, Сталинградтың солтүстігіндегі Волгаға қол жеткізді. Күндіз- түні қантөгіс соғыстың шуы басылмады, бүкіл қала от пен түтін астында қалды, Волганың өзі алау астында көрінді. Соғыс шегі қараша айында Волга өзенінен бір шақырым жерде өтті, көптеген стратегиялық маңызды биіктер фашистердің қол астында болды және сол биіктерден фашистер совет әскерлерін атқылады. Көптеген адамдардың мерт болғанына қарамастан, Сталинград қаласын алуға бірінен соң бірі жаңа вермахттың бөлімдеріне келіп жатты. 62 әскер басқарушысы генерал Чуйков В.И. былай деп жазған: «Гитлер бүкіл Германияны осы бір қаланы алу үшін құрбан етуге дайын болып көрінді».

1942 жылы күз айында Сталинград ауданына 70-тен көп жаңа дивизиялар жұмылдырылды, қарсыластың күші 2 есе өскендей болды. Бірақ дұшпан жерімізге тереңдей кірген сайын, Сталинград қорғаушыларының қарсыластығы күшейе түскендей болды. Сталинград жерінің әр метрін, әр көшесін, әр үйін тіспен қорғағандай болды.

Біздің жерлесіміз, Ұлы Отан Соғысының ардагері Иван Архипович Легостаев Сталинград шайқасына қатысқан кезінде жарақат алып көрген тәжірибелі солдат болды, бірақ сол жерде басынан кешкенді соғыстың басынан аяғына дейін көрмеген еді. «Сталинград жерін қатерлі темір- терсек басып қалды. Топырақты уыстап алып, саусақ арасынан төксек, қолыңда оқ болмаса, жарқыншақ қалар еді. Бұл жерде болған нәрсені ешқандай сөзбен айтып жеткізуге болмас еді. Тоқтаусыз бомбылау, артиллериялық және минометтік атыстар. Бірінен соң бірі жалғасқан немістік әскерлердің шабуылы. Шайқас трактор зауытының ғимараттарында да жүргізілді, әр көше үшін, әр ғимарат үшін қантөгіс болды. Ғимараттар кейде «қатпар-қатпар пирогті» еске түсірді. Астыңғы қабатта біздікілер, ортаңғыда- жау, одан кейінгі қабатта біздікілер. Кезектес жетістікпен ғимараттан бір- бірімізге отпен қуып отырдық». Сталинград қабырғаларда гитлерлік ең мықты әскерлерді жинап, оларға керемет соққы беріп, қала қорғаушылары осы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кантөгіс соғыста жеңіске бет бұрды. Сталинград түбіндегі жау әскерлері 1943 жылы 2 ақпанда көзі жойылды. Сталинград түбінде 200 күн шайқас кезінде вермахт 1,5 миллион адам жоғалтты. Қазақстандықтардың Сталинград шайқасына қосқан үлесін айтқанда, Волгоград батыр қаласының ортасында орналасқан Қазақ көшесі туралы ұмытпауымыз керек. Сталинград түбіндегі шайқастарда 7 қазақстандық Чуйков қатарына қосылған дивизияның офицерлері мен солдаттары қатысты. Ұлы ақын Жамбылдың баласы Амадай 7 гвардиялық дивизияның 19 гвардиялық кавалеристік полкінде пулеметтік санақты басқарып, Синельниково қаласының түбінде ерлікпен қаза тапты. Сталинград шайқасында әскери комсомол Қасым Аманжолов қаза тапты. Минометші коммунист Қарсыбай Спатаев пен лейтенант Абдибай Курмантаев батыр қала қабырғасында ұмытылмас ерлік жасаған үшін Совет үкіметінің батыры атағы берілген.

1942 жылы 19 желтоқсанда Сталинградты қорғау кезінде қазақ баласы, Совет үкіметі батыры Нұркен Әбдіров қаза тапты. Барлығы 36 қазақстандық Совет одағының батыры атағына ие болды. Біздің ауылымыздың ардагерлері де Сталинград шайқасына өз үлесін қосты.

Бекіш Қасен Ишимұлы сонау 1942 жылы Совет әскерінің қатарына шақырылған. Иркутск қаласында 6 ай оқығаннан кейін, Сталинградтың Бекетово қаласы маңында шайқасқа түсті. Сол жерде көрген нәрселер өмір бойы денесін түршіктерген: «Өлік үстінде өлік, жарқыншақ үстінде жарқыншақ. Бір сенімсіз мықты күш өз жолындағы бәрін қиратқандай еді».

Фияткин Василий Федотович әскерге шақыру билетін 1942 жылы наурыз айында алды, 6 ай Астрахан қаласындағы училищеде оқып, Сталинградқа жіберілген. «Қалаға дейінгі жол оңай емес еді, өз орнымызға жету үшін біз Волгадан тоқтамас артиллериялық атыс астында өтуіміз қажет еді. Бірақ біз оған қол жеткіздік. Бір апта күнтөгіс шайқастан кейін, ротада 120 адамнан 9-ы қалған еді». Сталинград түбіндегі шайқастар үшін Василий Федотович Фияткинге Ұлы Отан соғысы ордені марапат етілді.

Мұқышев Молдаш 1941 жылы Царицыно қаласының 124 мерген полкіне шақырылған еді. Ауыл жігітінің басына көптеген қиыншылықтар туды. Сталинградты батыл қорғау үстінде жарақат алды. «Сталинград шайқасының масштабтары мен қорқынышы туралы ешкім ешқашан ұмыта алмас. Әр шабуылдан кейін, біз өз жолдастарымыздан айырлып, олар үшін одан сайын ашуланып жауға қарсы шықтық. Жарақаты жазылған соң, қайта әскер қатарына тұрып шайқастық».

Бұл - тек қана бір шамалы бөлік, бірнеше адамға ғана тиген Ұлы Отан соғысының қатері, бірақ осы қатерге қарсы тұра алып, мойымай, сынбай жеңіске жеткендер. Қазақ көшесі батыр қала Волгоград орталығында орналасып, біздің жерлестерімізге арналып аталғанын мақтан тұтамын. Осындай мықты адамдардың әңгімелерін, болған оқиғаларын тыңдау - мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

үшін үлкен мақтаныш. Өйткені бұл тарихты олар өз өмірімен, өз жарақаттарымен, төгілген қандарымен, өздерінің айырылған жастық шақтарымен, шайқаста мерт болған махаббатымен жасаған.

Болатова Камила

6 сынып оқушысы СКО Жамбыл ауданы Аға
жетекшісі: Шәріпова Сәуле Дулатқызы

Ерлігің мәңгі есімде

Қараңғыда көрген жоқ оны ешкім де,
Келе жатты ұрланып соғыс түнде.
Келе жатты ол қап-қара, бүйі болып,
Жолбарыс боп жалаңдап жол үстін.
Жеңіс жайлы сұрап көрші сен менен,
Жеңіс жайлы толық дерек білмеп ем.
Жеңіс жайлы білгің келсе қартқа бар
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір әйел түнде ұйқы көрмеген,
Жетім бала әке ашуын сезбеген.
Жеңіс жайлы тарихқа үңіл, бауырым,
Жеңіс жайлы сонда толық білесің.
Жеңіс жайлы сұрап көрші сен менен,
Сұрапылдар өтті-кетті көлденең.
Елі үшін басын тігіп қатерге
Ар-намыстың аппақ туын бермеген.

Соғыс! Талайға түрпідей тиетін, жаныңды жегідей жейтін ауыр әрі суық сөз. Табаны күректей 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы. Ерлер майданға аттанып, ана мен бала жылап, қайғы шеккен қасіретті жылдар.

Талай боздақ жауға қарсы аттанып, өлімді емес, келер өмірді ойлады. Кімнің жас, кәрі екеніне қарамады. Бірі – жау қолында, енді бірі оққа ұшып мерт болды.

Соғыс ешкімге де қуаныш пен күлкі әкелмейді. Тек қайғы-қасірет, азап-қиындық...

1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4-те тыныш ұйқыда жатқан елді фашистік Германияның қарулы әскері Белоруссия жеріне басып кіреді. Міне, осылай Ұлы Отан соғысы басталыпты. Соғысқа елімізден 1 миллионнан астам азамат аттанып, 800 мыңы қайта оралып, 600 мыңы ерлігі үшін түрлі марапатқа ие болған еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс жылдарында мыңдаған концлагерьлер салынып, ондағы адамдардың басым көпшілігі азапталып өлтірілген екен. Адамдарды газбен улап, пешке жаққан. Германияға күнделікті тауарлар қажет болғандықтан, адамдардың шаштарынан – мата, майынан – сабын жасаған. Соғыстың осындай жан түршігерлік әрекеттерін кітаптан, ардагер ата-ағалардан естіген едім. Соғыстың жалыны қазақ жерін де шарпыды. Батыс Қазақстаннан 500 шақырым қашықтықтағы Сталинград түбінде үлкен ұрыс болған.

Жылжып уақыт, жылдар өтсе де, қазақ халқының тарихында Ұлы Отан соғысының ізі мәңгі өшпейді. Жеңіс үшін қанша адам отбасын тастап, соғысқа аттанды. Бойларын рух пен намыс кернеген абзал азаматтар ел басына күн туған, ауыр кезде от пен оқтың ортасында жүріп, Отан үшін отқа түсті. Қанша азап тартса да, келер күннен үміт үзбей, жеңіске, азаттыққа ұмтылды.

Қазақ халқы ата-бабасы қорғап, келер ұрпағына мұра ретінде қалдырған дарқан даласында қанат жайып, өркендеп, өсіп келеді. Бабалар ерлігі өшпек емес.

Қазір Жеңіс күніне барша халық ерекше ықыласпен дайындалуда. Бұл күнге барлық жақсылық жарасады. Бейбіт өмір үшін ардагер ата-әжелерге алғыс айтамыз. Қанды қырғын қайта тумасын. Біздер, жастар, ғылымда озық, өмірде тәрбиелі, ұлтжанды болуымыз қажет.

Солардың бірі біздің жерлесіміз, батырымыз Масякин Кирилл Евгениевич. Бұл батыр қазіргі Жамбыл ауданы, бұрынғы Преснов ауданы Святодуховка селосында 1919 жылы, крестьян отбасында дүниеге келген. 1936 жылы 10 қыркүйекте әскерге шақырылды. Масякин басынан үлкен, ауыр соғыс жолын кешті.

1943 жылы 2 ақпан күні ол жараланды, біраз уақыт ол госпитальде жатты. Госпиталдан соң ол қайта фронтқа қайтты. Масякин Белоруссияны босату операциясына талай қатысқан батыр.

1947 жылы Масякин әскерден оралды. Ал 1954 жылы батыр қайтыс болды. Ол Тюмень облысы Еремина селосында жерленген.

Бұл батырдың ерлігі еш уақытта ұмытылмайды. Біздің мектеп қабырғасында Масякин Кирилл Евгениевичқа арналған Мемориалдық тақта бар. Бұл ұлы батырдың алдында біз бас иеміз. Соғыстан қайтты бір сарбаз

Сағыздың ерке өзені,
Еліре соқты жағаға.
Өзгеден ерек сол күні,
Ауыр боп тиді анаға.
Қам көңіл еді халқың да,
Кәрі де, бала-шаға да.
Өмірге құштар қалпыңда,
Майданға кеттің, жан аға.
Зілдей боп керзі етігің,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Таппадың тіпті бір тыным.
Түнеріп қауіп төнгенде,
Досың боп қара мылтығың.
Соғыстың аты соғыс қой,
Жалмады талай арысты.
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,
Өлім мен өмір алысты.
Есіңе кейде аласың,
Кешегі қанды соғысты.
Ұмытпас ұрпақ санасы,
Көргендей қайта сол түсті.

Міне, Жеңістің Ұлы күні. Осындай бейбіт күнді сыйлаған аталарымызға мың алғыс. Егер бабалар болашақ үшін ерлік көрсетпегенде, біз осылай өмір сүрмес те едік... Олар жері, елі үшін шайқасқа түсіп, кеудесін оққа тосты.

Отан соғысында ерлік көрсеткен жүзге жуық қазақ азаматы Кеңес Одағының батыры атағын алды. Әлия мен Мәншүктей апаларымыз қазақ қыздарының қайсарлығын көрсетті. Біз, батыр ұлттың ұрпақтары, соғысты болдырмауға және Отанымызды сатпауға, еліміздің тыныштығын сақтауға уәде береміз. Еліміздің намысы мен батылдығын паш еткен Ұлы Жеңіске биыл 70 жыл!

Біз үшін бұл күн тарих бетінде алтын әріптермен жазылған, қазақ батырларының ерлігін еске алатын ерекше күн. Біз батыр ұлттың ұрпағымыз!

Ерсаинова Маншүк

11 сынып, «әл-Фараби» мектеп-лицейі,

Петропавл қаласы

Жетекші: Шаханова Сандуғаш Құрмашқызы

Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмытылған жоқ

Түспесін ауыр басқа күй,
Болмасын соғыс қанды апат.
Қалмасын жетім жас сәби,
Қалмасын жесір махаббат.
С.Мәуленов

Қазақ халқы ежелден-ақ өмірдің қилы-қилы кезеңдерін басынан кешірді. Тар жол, тайғақ кешулерде Отан үшін отқа түсіп, ата-баба мұра етіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қалдырған қасиетті жерімізді жаудан аман-есен қорғап қалды. Сондай ауыр да алапатты күндердің бірі-Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы- ол ерліктің, рух пен намыстың салтанат құрған кезеңі. Сол жеңіс қайнарынан біздер күні бүгінге дейін күш алып, рухани тірек тауып келеміз. Қара жерді дөңбекшітіп, жазықсыз жанын жазылмас жарамен қан жылатқан, көп ұлтты кеңес халқының ержүректілігі мен қаһармандығын әлем алдында әйгілі еткен екінші дүниежүзілік соғыста мыңдаған адам жауынгер атанды. Елге қатер төнді. Ел үстіне найзағай, қара бұлт қабағы түйілді. Бейбіт халықтың денесі жаралы. Жараң қанша болса, кегің сонша өлшеусіз. Көп зұлымдық, көп қорлық ел ішіне тас шемендей қатып, ел жүрегін ыза кернеді. Сол бір сұрапыл соғыс басталған күннен бері талай жылдар өтсе де, халық жадындағы ауыр күндер ешқашан ұмытылмақ емес. Ерлер өздерінің атақтары үшін емес, жер бетіндегі өмір үшін күресті. Қазақ жеріне соғыс отының шарпуы тиген жоқ. Бірақ сол кездегі ұлан байтақ еліміздің шетіне жау тиіп жатқанда, қазақстандықтар да тайлы-тұяғы қалмай атқа қонғанын бәріміз де жақсы білеміз. Солардың 40 пайызы ерлермен тізе қосып, жауға қарсы шығуға бекем буып, өз беттерімен өтініш беріп, соғыс майданына бет алған қазақтың үріп ауызға салғандай жас қыздары болғанын естен шығармауға тиіспіз. Оларды соғыс өрті ерте есейтті. Кеше ғана қызылды – жасылды киініп, гүлдей құлпырған балауса бойжеткендер енді әскер киімін киініп, қару асынып, тілі мен діні бөлек жаумен шайқасқа шықты. Оқ пен отқа орана жүріп, ерліктің небір ерен үлгілерін көрсетті. Адамзат тарихында қайғы-қасіреті мен есте қалған екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған адамдардың өмірін жалмады. Көптеген боздақтарымыздың сүйегі ата жауымен арпалыста жат жерде қалды. Сондықтан да тарих шежіресіне Ұлы Отан соғысы деген атпен жазылып қалған бұл алапат қырғынды бүгінгі ұрпақ еш уақытта да ұмытпайды. Майдан даласында мерт болған ерлеріміздің ерлігін жыл сайын жеңіс күні еске алып, оларға әрдайым тағзым етеміз.

Туған Отанын қорғау-қай халықтың болсын, қай перзенттің болсын қасиетті борышы. Отанынан айырылған адам тірі жетім, өмірден өгей күй кешеді. Ұлы Отан соғысы кезінде қанша апа -ағаларымыз кеудесін оққа төсеп, келе жатқан танк астына қолдарындағы гранаталарымен бірге түсіп, Отаны үшін мерт болды. Тарихта ерлігі аңызға айналып, есімдері мәңгілікке қалған ағаларымыздың бірі – Бауыржан Момышұлы, алғашқылардың бірі болып Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев сынды батырларымыз. Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, белгілі жазушы Б.Момышұлы былай деп жазған болатын: «Біздің жүрегіміз темір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік». Бауыржан ағамыз тағы бірде газет бетіне: «...Өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына деген сүйіспеншіліктері арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын» - деп жазды. Ерлікті елін сүйетін патриот қана жасай алады. Осындай қазақтың патриот ұл-қыздары жаумен шайқаста ерен ерлік таныта отырып, өз жандарын құрбан етіп, көптен күткен, сағына күткен Жеңіс күнін халқына жақындатып бермеді ме? Міне, елі үшін көзсіз ерлікке барған батырларымыздың есімі мәңгілік. Өткеніміздің озық үлгісін ұмытпай, тозық тұстарын тарих еншісіне қалдырып, бүгінімізді бағалайық, болашағымызды саралайық. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойындайсың. Жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшіп – қонып өмір сүрген ата – бабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап қадірлеген. Ол ел мен жер және ана тілі. Қандай халық болмасын осы үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайды. Еліміздің егемендік алуы, халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты. Бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол – баршамыз бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі. Жеңіске жету жолында Қазақстандықтардың асқан ерлігі мен әскери жанқиярлығы Отан соғысы тарихындағы жарқын беттерге айналды. Сондықтан Жеңіс күні – әрқайсымыздың жүрегімізге жақын, әрқайсымыз үшін қымбат мереке.

Жеңіс күні – талай жылдар бойы бейбіт өміріміздің бастауы болған, адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталған күн. Жеңіс күні – осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні. Жеңіс күні – әділеттің әділетсіздікті жеңген күні.

Жеңіс! Мен үшін қасиетті ұғым. Жеңіс күні өмірді сүйер адамзаттың есінен мәңгі кете ме? Жоқ. Ұлы Жеңіс - барша халықтың жеңісі.

Жас ұрпақ асыр сап,

Шырқайды Ерлікті ән қылып,

Небір заңғар таулар құлазып өшсе де,

Ерлердің бейнесі жасайды мәңгілік,- деп, біз, болашақ ұрпақ, аққан жұлдыздай жарқ етіп жоқ болған, қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен батырлар ерлігін мәңгі есімізде сақтауымыз керек. Кешегі жауынгер, бүгінгі ата-әжелеріміздің жеңіске жетер жолда тындырған ұлан -ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталатын дастандай жалғаса береді. Бүгінгі күні аяулы аға-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

апаларымыздың ерлігін ұмытпай, ән мен жырға қосып, ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіп отыру – біздің парызымыз. Ата - бабамыздан қалған мұрамыз туған жерімізді, халқымызды қорғау – азаматтық борышымыз. Батырлар ерлігі жас ұрпаққа үлкен өнеге болса, олардың әкелген Жеңісі – ұрпақтың бақытты болашағы. Қасық қаны қалғанша жаумен жан аямай шайқасқан аталарымыздың ерліктерін, жеңіс үшін шыбын жандарын құрбан еткен бірнеше миллиондаған адамдардың есімдерін есте сақтап, 1418 азапты күн мен түнді болашақ үшін ерен еңбекпен, қайсар ерлікпен өткізгендерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс. Өкінішке орай, уақыт сол ұлы оқиғаларға қатысушыларды біздің қатарларымыздан алып кетіп жатыр. Олар уақыт еншісімен бірге күннен – күнге азайып бара жатыр. Бірақ ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды! Себебі, бұл – біздің тарихымыз, біздің мақтанышымыз, біздің даңқымыз! Әрқашан жеңісіміз баянды, бейбітшілігіміз ұзақ, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Есматова Аружан
9-сынып, Саумалкөл қазақ орта мектебі
Саумалкөл селосы Айыртау ауданы
Солтүстік Қазақстан облысы
Жетекші: Акнур Елюбаевна Ашербекова

Жазылмастай терең жара қалдырған...

Жазылмастай терең жара қалдырған,
Жақындарын аяғынан шалдырған.
Жүректерін зар илеткен талайдың
Қара қағаз ішті оттай жандырған.
Қызыл күрең қанға бояп даласын,
Зар жылатқан ақ жаулықты анасын
Кім көріпті мынадайын сұмдықты
Әкесінен айыратын баласын.
Тырнайтұғын ұмытылған жарасын,
Улайтұғын адамдардың санасын.
Соғыс деген неткен ауыр кез еді,
Жақындатқан өлім-өмір арасын.
Естілетін қызу майдан гүрсілі,
Жан ұшыра соққан жүрек дүрсілі
Әр қадамы соңғы болар адамның
Ақ анасын еске алуы күрсініп.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Заман еді шалғын қурап, гүл солған,
Танкі өтер адам жүрер тар жолдан.
Заман еді аштық болып, жұт болып,
Жалғыз тілім нан мен суға зар болған.
«Кеше ғана алаңсыз-ақ ойнап ек,
Жастық шақтың қызығына тоймап ек,
Деп жылады ерте ер жеткен балалар-
Балғын шағым, бала шағым қайда?!»-деп
Аяқтаған соғыс атты азапты,
Бар батырым - нағыз ұлы Қазақтың.
Бұл ағамыз – Қошқарбаев Рақымжан,
Рейхстагқа туын тіккен Одақтың.
Кісен салып, тұтқын қылып, қор қылып,
Ассыз, сусыз тас зынданда салдырып.
Алып кеткен біреуінің әкесін,
Ал біреудің ағасы мен сорлы ұлын...
Серпігенде сұм соғыстың тұманы,
Туған жерге оралғанда ұланы
Қуаныштан көздеріне жас алып,
Сүйді анасы қанғанша бір құмары.
Ауыр күнді арттарына тастады,
Қиындықтан жасқанбады, қашпады.
Болашаққа есік ашқан айқара
Жаңа өмір, жаңа дәуір бастады.
Қазағымның ұл-қызымен мақтанам,
Отан үшін сертін берік сақтаған.
Туған елін аманат қып қалдырған
Бабалардың ақ үмітін ақтаған!

Зайденова Мейрамгүл
9-сынып, Телжан орта мектебі
Уәлихан ауданы
Солтүстік Қазақстан облысы
Жетекшісі: Бекбулатова Гүлжан Бауржанқызы

Ұлы Отан соғысы Жеңістің 70-жылдығы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толады.

Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне орналасқан. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Жатқанда отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?
Жеңеміз! Жеңіс-совет адамы аты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біздерміз азат етер адамзаты,- деп жазған Жұбан Молдағалиевтің өлеңінен халқымыз «Жеңіс туын» тіккен ер азаматтарға деген ерекше құрметі байқалады.

Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай.

Біздің Телжан ауылының Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер аз емес. Солардың арасында: Бессонов Борис Григорьевич 1943 жылы әскер қатарына шақырылған. Әскери қызметті 11-ші танк бригадасында, 252-ші гв.арт полкінде атқарған. Бычковский Николай Петрович 1941 жылы әскери қатарына шақырылған. Әскери қызметті 384-ші АП-атқыш қызметін атқарған. Земляной Петр Федорович 1943 жылы әскер қатарына шақырылған, Жұмағұлов Құрман 1941 жылы әскери қатарына шақырылған. Наградалары: «II дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Кеңес одағының маршалы Г.К.Жуков» медалі. Ғалиев Қатен 1942 жылы әскер қатарына шақырылған. Наградалары: «Германияны жеңгені үшін» медалі. Петров Иван Григорьевич 1943 жылы әскер қатарына шақырылған. Садуақасов Нәби 1941 жылы әскер қатарына шақырылған. Наградалары: «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медалдарымен марапатталды. Тютюник Андрей Порфирьевич 1943 жылы әскер қатарына шақырылды. Наградалары: «Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медалдарымен марапатталды.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кемде қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Ұлы жеңістің күнімен құтты болсын!

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата апаларымыз аман болсын!

Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

XXI ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан,қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кажгалиева Гульден

11 сынып, Ә.Досмұхамбетов отындағы
облыстық дарынды балаларға
мамандандырылған гимназия-интернат.

Петропавл қаласы

Жетекші: Есенғалиева Жаксылық Көкенқызы

Менің отбасымдағы Ұлы Жеңістің ізі

Мен соғысты жек көрем!
Мен соғысты жек көрем!
Көкем айтып отырса,
Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген!
Талай өткен ғасырлар
Еш соғыссыз өтпеген!
Мен соғысты жек көрем!

Қ.Жұмағалиев

Дүниенің төрт бұрышын дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына биылғы жылы табаны күректей жетпіс жыл толғалы отыр. Осы соғыстың қалай басталып, қалай аяқталғанын, халықтың басынан не кешкенін біз тарих пәнінен оқып, осы мереке қарсаңында мектеп қабырғасында өтетін соғыс ардагерлерінің кездесу кештеріндегі әңгімелерінен естіп білеміз.

Төрт жылға созылған қанды майдан тарихымызда өшпес із қалдырды. Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға салды. Біздің ата-бабаларымыз ел басына қиын қыстау күн туғанда аянып қалған жоқ. Жаманат хабар жеткен алғашқы күннен-ақ ер азаматтар әскерге алынды. Күн-түн демей еліміздің түпкір-түпкірінен елді неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге майдан даласына жауынгерлер аттанып жатты. Үйінен майданға жауынгер аттандырмаған отбасы кем де кем шығар. Біреудің жалғызы, біреудің ардақтысы, біреудің жары, біреудің әкесі... Қанды қыспаққа кімнің қияры бар дейсің, әр аттаныс көкіректе лықсыған зар, көзге тұнған жас болды.

Олар Отан үшін, Кеңес халқының бақыты үшін, біздің жарқын болашағымыз үшін фашистермен аянбай күресіп, жастық шақтарын от жалынға орады. Талай қыршын жасты жер жастандырған зұлмат менің отбасымды да сырт айналып өтпепті. Адам баласына үлкен зардап шектірген Ұлы Отан соғысы балаларға да көп қайғы-қасірет шектірді. Сол балалардың бірі менің атам – Қайноллин Қажғали. Оның әкесі Қайнолла (менің ұлы атам) алғашқы әскерге алынғандардың қатарында 1941 жылы елді жаудан қорғауға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аттанады. Азаматтар соғысқа аттанып жатса, ауылда қалған бала-шаға, кәрі-кұртандар «Бәрі Жеңіс үшін!» деп ертеден кешке дейін аянбай еңбек етті.

Өмір менің атамды ерте есейтті. Буыны қатпаған жас бала анасымен бірге еңбекке ерте араласты. Өке соғысқа алынғасын-ақ атамды өмірдің өзі еңбекқорлық пен шыдамдылыққа баулыпты. Бір жағынан өмірдің ауыр жүгін мойнына артқан шешені аяп, бір жағынан майданда хабарсыз кеткен әкені аңсап, сағынышты күй кешеді. Соғыс аяқталғасын да сол еңбекқорлығының арқасында еліне ерен еңбек етті. Бірнеше жыл совхозда бригадир болып қызмет атқарды. Атамның еңбектегі жетістіктері елеусіз қалған жоқ. Озаттар қатарында көріне білген ол көптеген медальдарға, мақтау грамоталарына ие болып, тіпті, есімі «Алтын кітапқа» да жазылды.

Бірен-саран сарғайған суреттері болмаса, сәби жанында сақталмаған әке бейнесін көруді ол күні бүгінге дейін аңсап келді. Әкесінің не өлінің, не тірінің қатарында жоқтығын атам жиі айтып, қатты қапаланып отырушы еді. Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерейтойына арналған «Боздақтар» атты ескерткіш-кітаптан өз әкесінің есімін көргендегі атамның қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әкесімен құдды бір тірі қауышқаннан кем болмады.

Адамда арман көп қой. Сол бір әкесінен дерек алған күннен бастап атам өз әкесі жерленген Смоленск қаласына баруды армандаушы еді. Оны әке қабіріне туған жердің бір уыс топырағын апарып салу жайы қатты қинаушы еді. Алайда, атам ол арманына жете алмай, жарық дүниемен қоштасып, бақилық болды. Атамның осы бір арманын жүзеге асыру менің перзенттік парызым деп білемін. Есейіп, ер жетіп, ұлы атамның қабірін тауып, туған елдің топырағын салып, ата алдындағы борышымды осылай өтесем деймін.

«Адам баласында үш жұрт бар» деген ғой атам қазақ. Сондай жұртымның бірі – нағашыларым тұратын қазіргі Шал ақын ауданы Кеңес ауылының қақ ортасында осы жерден майданға аттанып, қанды шайқастан елге оралмай қыршын кеткен боздақтардың есімдерін мәңгі есте қалдыру үшін орнатылған ескерткіш бар. Сол ескерткіште жазылған көптеген адамдардың ішінде менің анамның атасы Кенжалин Қызкеннің есімін де көруге болады. Бүгінде адамзат баласына қызығы мен қуанышы мол нұрлы өмір сыйлаған адамдардың қатарында менің де осындай аталарымның болғанын мақтаныш тұтамын!

Ұшқыр уақыт тарих қойнауына терең батырса да, сол сұрапыл соғыстың салып кеткен жарасы кімнің болмасын жан жүрегін әлі күнге сыздатпай қоймайды. Соғыстан оралмаған азаматтар әр үйдің қайғы-қасіреті болып, мәңгі есте қалды. Сол ата-бабаларымыздың жасаған ерліктерінің арқасында біз бүгін осындай бейбіт күнге жетіп, өз алдымызға жеке Тәуелсіз мемлекет болып отырмыз.

Ерлердің есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Көк байрағымызды желбіреткен тәуелсіз мемлекет болсақ та, фашизм салған қайғы-қасіретті ешкім де жадынан шығармайды. Өйткені біздің аталарымыз Отан үшін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жандарын пида етті. Ендеше аруақтарды қастерлеп, олардың алдында басымызды иіп жүрейік.

Кажгалиев Канат
6 класс, КГУ «СПН№42»
г.Петропавловск

Ардагерлерге тағзым
Қырғын салған жарты әлемді соғысқа тартып,
Тыныш жатқан елді, сәбилерді жылатып,
Бомбалар жарып, жүректерді жаралап,
Сұм фашист,енді адамдарға тиіспес!
Қан төгіп, жаралы біз болмадық,
Отан үшін өмірлерді қимадық.
Соғыс кетті, сол күндер алыстаса да
Ауыр шайқас, қиын кездер ұмытылмайды.
Сол соғыстың қайғы-қасіретін бастан кешкен
Ардагерлерге бүгінгі ұрпақ тағзым еткен.
Әлдеқашан Сіздерді біз құрметпен
Бақытты ел сыйлаған ерліктерді мәңгі жырлаймыз.

Каирбеков Гомарбек
11- сынып Кішкенекөл № 1 орта мектебі
Уәлиханов ауданы ,Кішкенекөл ауылы
Солтүстік Қазақстан облысы
Жетекшісі : Шайзада Майрагүл

Халқымыз өзінің көңіл қошын білдіріп, тілек тілеп, лебізін айтқан кезде «ел аман, жұрт тыныш болсын» деп, естігенде жағымды, айтқанда жылы баталы сөзін шын жүрегімен, адал ниетімен жолдап жатады. Міне, осы баталы сөздің түп мағынасында адамзат үшін ел іргесінің тыныштығы қаншалықты маңызды екенін түсіну қиын емес. Сол «соғыс» деген суық сөз жаздың жаймашуақ жайдары күнінде тыныш ұйқыда жатқан халықты, тәтті қиял, асыл арман құшағында жүрген ешбір жамандықтан бейхабар жастардың жүрегін дүр сілкіндірді, адамзат бойына үрей мен қорқыныш әкелді. Бұл барды жоқ еткен, тауды жер еткен, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтып келе жатқан күйретуші 1941 жылғы соғыс еді. Қазір, содан бері жетпіс жыл өтсе де ,ешкім де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Керісінше, Ұлы Отан соғысы жас та, жасамыс та ұлы ерліктің, тәрбиенің үлгісі деп қарайтын қайсарлық пен отансүйгіштіктің биік өлшемі болып қалыптасты. Бұл- сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, Бауыржан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Момышұлының ізгілік жолы «Отан үшін отқа түскен ерлер ісі болып» тарихта мәңгі қалатын күн. Дегенменде қандай оқиға болсын оны көзбен көріп, қолмен ұстап, санамен сезінбей оның ақиқатын сөзбен жеткізе алмайсың. Сондықтан Ұлы Отан соғысы туралы сөз қозғаған кезде мен көп ойландым. Оның қатал зарын да, ащы уын да, қатыгез жауыздығын да қан майданның отын қолмен көсеп, аяғымен таптап, арқалап көтерген асыл ардагерлер ғана ертегідей баяндай алады деп ойладым. Сол бір соғыстың шынайы картинасы олардың көз алдында сурет болып қалғанын әр естеліктері мен жүрек жарды сырларынан көруге болады. Мен жаңа ғасырдың жаңаша өмір сүріп жатқан ұланымын. Мен тек қана бейбіт өмірдің дәмін татып, ата - бабамның арманы болған ғажайып заманда кіршіксіз таза көңілмен, тыныш тіршілікпен жүріп жатырмын. Шығармамды сонау сұм соғыстың қиын тауқыметін басынан кешіріп, сол алапат айқасты үлкен табандылықпен жеңіп, қазір зейнетін көріп отырған ардагерлердің естелігімен жалғастырғым келеді. Ердің ерлігі ел басына күн туған шақта ат ауыздықпен су ішіп, ер етігімен су кешіп қорғаған намыс, жеткен жеңіс емес пе?! Ол сонысымен де мәңгілік тақырып болып қала бермек. Уақыт өткен сайын, Отан соғысының батыр қарияларының таусылмас қазынасын ұрпаққа жыр қылып айтатын қариялар естелігі - біз үшін үлкен рухани құндылық.

Отан соғысының батыры ғана емес, бүкіл қазақ ұлтының болмысын, ұлтжандылығын, қайсарлығын биікке көтеріп кеткен Бауыржан Момышұлының ерлігін шағын шығармамда айтып жеткізе алмасым анық. Алайда қан майданның қақ ортасында қан кешкен батыр ағаның көзбен көрген ерлік ісі жайлы өз естеліктерінің бір бөлігін тілге тиек еткім келеді. Бауыржан Момышұлының өзінің естелігінде: «Мәскеудің түбіне жау келді. Екі империяның найзасы бір жерге тірелді. Соның ортасында от жалындап 8-ші гвардия дивизиясы тұрды. Міне, осы кезде картаны қарап отырдым да, адъютантқа: «өзіміз тұрған жерге дейін ал да, басқасын өрте» дедім. - «Неге?» деп, ол шошына қарады. Мен: «Енді біздің барар жеріміз жоқ. Не осы жерде өлеміз. Не жауды әрі қарай ысырамыз. Артымызда – Мәскеу» , -деген екен. Міне, Отан үшін отқа түсе алатын нағыз ердің ісі. Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерлік - отансүйгіштіктің биік символына айналды.

Сөзімнің басында айтып кеткендей шығармамның мазмұнын оқырманның жүрегіне жеткізу үшін соғыс майданына оралып, батыр бейнесінің картинасын өз естелігімен өңдеп жазғаным дұрыс деп ойладым. Біз, сіз болып мақтанып айтып келе жатқан қазақ қыздарының ерлігі де ел есінде. «Намысын бермеу үшін жатқа қолдан, арулар аз болған жоқ атқа қонған» деп ақындарымыз жырлағандай осындай даңқты батыр қазақ қыздарының бірегейі Хиуаз Қайырқызы Доспанованың ерлігі туралы мына бір естелік батыр қыздың бойындағы өжеттікті, еңбекқорлықты паш етеді. Кейіннен Кеңес Одағының батыры атағын алған Марина Чичневаның Хиуаздың шеберлігі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

туралы: « Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға ылғи да дәл апаратын және өз аэродромына да дәл сондай дәлдікпен қайта оралатын»-, деп жазғандығы бекер болмаса керек. Батыр қыз 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шептерін бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады. Хиуаз Доспанова естеліктерінен: «Ол кезде жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағымен жау тылын тек түн ішінде бомбалайтынбыз. Осындай бомбалауға 300 рет қатыстым. Ол бір өмір мен өлім айқасқан кез еді. ПО- 2 өте төмен ұшатын болғандықтан зенит оғына жиі кезігетін. Сондықтанда жау тылына аттанған әрбір сапарымыздың соңғы болуы мүмкін екенін біліп жүрдік». «Тірі қалғаным таңғаламын, аспаннан 14 рет құладым. Әр құлаған сайын ажал алқымымнан алғаны осы шығар дейтінмін. Бірақ келесі ұрысқа бел буып жүре беретінмін» деген жолдарды оқып қайран қаласың! Енді ер жасаған ерлік деп осыны айтпаймыз ба?! Апамыздың өрескел жанкештілігін айта бергім келеді. Елімізде ерлігін айтып тауыса алмайтын қаншама батыр ұл мен қыз бар екенін бәрі біледі. Мен өзімнің шағын шығармама тек мыңнан бір бөлігін ғана енгізе алдым.

Ұлы Отан соғысында майдангерлерге күш - қуат беріп, қолдау көрсетіп, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Олар да соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен жүректілікпен жасаған ерліктің бағасы тарихқа алтын әріптермен жазылды. Мәңгілікке тыныштық - сыйлаған ардагерлердің қаһармандық өнегесі біздің ел сияқты жас тәуелсіз мемлекеттің ұрпағының бойына ең қажетті қасиет. Себебі біздің Отанымыздың іргесін бекітіп, тәуелсіздігін баянды ететін ол бірінші кезекте отансүйгіш, бірлікшіл ұлт азаматтары болуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ болмайды да. Бірақ біз естен шығармайтын бір нәрсе: ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған отаншыл болып жарытпайды. Ондай адам қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды. Ұлы Отан соғысының жеңісі - әр майдангердің Отан алдындағы адалдығы, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған» бірлігінің арқасында жеткен жеңіс. «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» ,-дейді кемеңгер Абай... Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Алаш қайраткері А.Байтұрсынов: «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шығады» деген екен. Қасық қаны қалғанша жан аямай ұлы жеңістің туын желбіреткен ұлдарын елі әрқашан ардақтап өтеді. Жеңістің жетпіс жылдық торқалы тойын көргелі отырған Отан соғысы ардагерлері - өз қолдарымен жасаған жеңісті бақытты жүздерімен жыл сайын қарсы алып тойлауға қақылы жандар. Құрметті Ұлы отан соғысы ардагерлері, мен сіздерді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жеңіс күнімен, сіздер әкелген жеңіспен, шын жүрегіммен құттықтаймын!!!
Қымбатты менің құрдастарым, біз үшін құрбан болған, біз үшін мүгедек болып
тәні мен жанын берген ардақты ардагерлерді біз мәңгі құрметтеп өтейік себебі
олар мынандай ерлік жасады.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тіzedен кесіп аяғын таяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кешегі елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты,

Бізді жалмамақ болған ажалды өр кеудесімен қақты.

Сен құрметте оны, қарағым!- деп Әбу Сәрсенбаев ақын ағамыз ердің
ерлігін құрметтеуді жастарға аманат етеді. Солай менің құрбыларым, жеңіс
бізге оңай келген жоқ. Біз де жыл сайын жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым
етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста өмірден өткен жауынгерлер есімі ел есінде
мәңгі сақталады.

Киселева К.

11 сынып оқушысы
Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы
"Власовка орта мектебі"КММ

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс. Соғыс - күрейтуші күш!
Бар жер әлемін дүр еткен, қанды кілемге айналдырған шайқас. Міне, содан
бері қанша жылдар өтті. Ерлікпен, шыдамдылықпен келген Жеңіс! Жеңіс
жасасын! Қан майданда жасалған ерлік бүгінде әр адамның есінде, жүрегінде,
тарих бетінде өз ізін қалдырып кеткен күн. Бұндай сұрапыл жауыздық
ешқашан ұмытмас. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал
матералдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш
тұта бізге жеткізді.

Бүгінде еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлем қатарында қалыспай келе
жатқан елдердің бірі. Біз, өскелең ұрпақ сол қиын қан майданда ерлікпен қаза
тапқандарға, іс-түссіз жоғалып кеткен, Отан үшін жан-кешкендердің алдында
бас иіп, тағзым етеміз. Бұл ұлы мерекені тек сол жылдары қаза тапқан,
соғыстан қайтып келмегендердің туған-туысқандары ғана емес, тынымсыз
еңбек еткен, көз жасы сорғалап төзімділікпен күткен ұлдар мен қыздар, жанын
қиып бақытты өмірді қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, энеки, жағада тұр,-

деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күні ұмытылмас.

Ұлы Отан соғысы Жеңістің 70 жылдығын тойлауын біз бір ел болып, үлкен шаңырақтың астында жасалған батырлықты асқақтатып тойлайтына сенемін.

Барша адамзат тірлігіне бұндай қатерлі де, қайталанбас күндер болмағайды тілеймін.

Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтай келе, оларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақытты сәттерінің көп болуын тілеймін.

Коваленко Татьяна

11 класс, КГУ «Областная школа-интернат для детей-сирот и детей,
оставшихся без попечения родителей» акимата Северо-Казахстанской
области Министерства образования и науки Республики Казахстан

Руководитель: Калькенова Роза
Курмашевна

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген...

Мен бақытты, бейбіт кезеңде дүниеге келдім, бірақ соғыс туралы көп естідім, оқыдым, өйткені бұл сұм соғыс бірде - бір отбасын айналып өткен жоқ. Мүмкін, менің де отбасыма келіп, ойран салған шығар. Бірақ мен өз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отбасым туралы ешнәрсе білмеймін, өйткені мен үш жасымнан бастап балалар үйінде тәрбиеленіп келемін. Осы жылы біз Жеңістің 70 жылдығын атап өткелі отырмыз, бірақ бұл жеңіс қандай қиындықпен келгенін ойланыңыздаршы. Бұл жеңісті біздің ғана жеңісіміз деп айта алмаймыз, бұл бүкіл кеңес халқының жеңісі. Бұл соғысқа барлық ұлт өкілдері қатысты, өйткені Кеңес Одағы көпұлтты мемлекет болды. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс - он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Әр ұлт өз Отанын, отбасын қорғауға ұмтылды. Еліміз осы уақыт ішінде жеңіс үшін барлығын жасады. Бұл бүкіл адамзат тарихында болған ең сұрапыл соғыстардың бірі. Сол соғысқа менімен жас жасөспірімдердің қатысқанын ойласам, денем тітіркеніп кетеді. Біз сияқты сабақ оқып, ойнап-күліп жүретін балалар еді ғой. Олар өздерінің қыршын жастарын Отаны үшін құрбан етті. Кейбіреулері жастарына жас қосып, майданға аттанды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы халықтар үшін басына түскен сын кезең болды. Осы сыннан халқымыз мүдірмей өтіп, әлем алдында беделі асқақтап, биік шыңдардан көріне білді.

Соғыс... Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты?! Соғыс дегеніміз –аналардың көзжасы, қайғысы, қан майданда қаза болған мыңдаған солдаттар, жесірлер мен әкесіз қалған отбасылар, адамдардың жан түршігерлік естеліктері. Иә, біз соғыс көрген жоқпыз, өйткені біздер үшін соғыс еліміздің бұрынғы өткені. Тарих үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс. Мен сол сұрапыл соғыс туралы ештеңе білмейді деп ойламаңыздар. Соғыс жылдары біздің ел жиырма миллионнан астам адамнан айырылды. Тарихта небір алапат соғыс болғанмен, солардың бірде-бірі екінші дүниежүзілік соғыспен теңесе алмайды. Өйткені бұл соғыста бүкіл дүние жүзі халқының тағдырын талқыға салып, бүкіл әлемге билік жүргізіп, бұғауда ұстағысы келген Гитлерге тойтарыс беріп қана қоймай, өз елімізбен қоса Еуропаны да фашистік тепкіден азат етті.

Төрт жылға созылған бұл соғыс туралы айтар болсақ, 1941 жылы 900 күн, 900 түн қоршауда қалып, елден бөлініп, қиын шақты басынан өткізген қаһарман ленинградтықтардың ерлігін айтпай кетуге болмайды. Адамдар қыстың сықырлаған аязына, аштыққа, жаудың бомбалауына шыдады. Бұл туралы қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өренім» өлеңінде жырлады. Бұл өлеңін ол ленинградтықтарға, оны қорғаушыларға арнап жазды. Бұл толғау қалада радиолардан беріліп, әр көшеде, алаңда плакат ретінде жазылап, қала халқына, Ленинградты қорғаушыларға зор қуат берді, жауынгерлер ақынның жалынды сөздерінен керемет рухтанды. Тек

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қана Ленинград қана емес, басқа да қалаларды осылай батыр қала деп айтса артық болмайды. Осы ерліктері үшін біз оларға бас июіміз керек.

Гитлер Москваны жаулап алып, 7 қарашада Қызыл Алаңда парад өткізуді көздеді. Бірақ оның жоспары іске аспай қалды. Қоршауда қалған кеңес әскерлері 20 неміс дивизиясының шабуылына тойтарыс берді. Шайқас Москвадан 80-100 шақырым жерде өтті. Әсіресе Волоколам тас жолының бойында өткен шайқас тарихта қалды. 28 панфиловшылар жаумен шайқаста көзге түсті. Шайқаста ротаның саяси жетекшісі Клочковтың : «Ресей кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ – артымызда Москва! » , -деген сөзі мәңгі тарихта қалды. Фашистік армияның қысымына төтеп берген қалаларға батыр атағы берілді.

Қазақстан да басқа одақтас республикалар сияқты тыс қалған жоқ. Соғыс басталысымен Қазақстан халқы отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Майдандағы қызыл армия қатарына 120000 жуық қазақстандық аттанды. Москва облысының Бородино селосының түбінде болған шайқаста Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жаумен болған шайқаста ерекше көзге түсіп, ерліктің тамаша үлгісін көрсетті.

Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медсанбаттар мен госпитальдарда борышын өтеді. Қазақ арулары түрлі әскери құрамаларда болып, ерен ерлік үлгісін көрсетті. Шығыстың қос жұлдызы - Әлия мен Мәншүкті ерліктің қос қанаты деп білемін. Соғыста Мәншүк пулеметші болса, Әлия мерген болған . Олардың есімдері бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі. Олар ер жауынгерлермен бірге бір сапта тұрып, жауға қарсы тұрды. Және осы қайсарлықтарымен жауынгерлерді рухтандырды, оларға күш-қуат берді. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Әлия да балалар үйінде тәрбиеленген. Авиация саласын меңгерген қазақ қызы – Х.Доспанова Кеңес Одағының батыры М.Раскова басқарған әйелдер авиациясының құрамында авиация штурманы болып 300-ден астам мәрте әуеге көтерілді. 2004-ші жылы Президенттің жарлығымен Х.Д.Доспановаға Халық Қаһарманы атағы берілді. Сафарбекова Жауһария Насырқызы Ленинград майданында қалалық радиостанция бастығы болып, сол майданда аса ерлігімен көзге түскен. 1942 жылы Қазақстанда құрылған 34-жеке әйелдер ротасының 300-ге тарта арулары Курск иініндегі шайқасқа қатысып, бірнеше марапаттарға ие болды.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған: И.Н.Кожедуб- Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесінің түлегі. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен тылдағы адамдар соғыстың бірінші күнінен бастап, әйелдер мен жасөспірімдер еңбек майданының ең басты күштеріне айналды. Олар жеңіс үшін қолдарынан келгеннің бәрін істеді: күні-түні станоктың басында тұрып снарядтар жасады; егін алқабында бір де дәнді шашпай майдандағы солдаттарға жіберді. Осының бәрі майдандағы жұбайларының, әкелерінің, ағаларының аман-есен келулеріне қосқан аз ғана үлестері еді. Сол кезде олар үшін солай болды, ал қазір ойласақ, ол керемет ерлік. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Қазір олар бізге батыр адамдар. Шынымен де, елін, жерін тебірене сүйген адам ғана батырға айналады!

Жеңіс мерекесі – бейбітшілік сүйгіш бүкіл адамзат қауымының мерекесі. Бұл біздің ең қасиетті де қастерлі мерекеміз, Жеңіс күні – бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қан майданында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. 9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! Бүгінде сұрапыл, сойқан соғысты өз көзімен көрген ардагерлердің де қатары сиреп барады. Еліміз жыл сайын өздерінің ардагерлерін құттықтап, оларды қошеметтейді. Біздің жетім балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты да бұл шарадан тыс қалған емес. 9 мамыр күні біздің мектеп соғыс және тыл ардагерлерімен кездесу ұйымдастырады. Оқушылар олардың айтқан әңгімелерін ұйып тыңдайды. Олардың кеуделері толған ордендер мен медальдар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан мен, ХХІ ғасырдың ұрпағы, осындай байтақ елде тұрып жатқаным бақыттымын!

Кулиев Ерсін

N 1 Новоишим орта мектебінің

8 сынып оқушысы

Біз сіздерге қарыздармыз!

Соғыс! Соғыс! Бұл сөздің дыбысталуы да өте суық! Беретін мағынасы тіпті жан түршіктіреді. Бұл сөзбен қаншама қайғы-қасірет, өлім, адамның көл боп аққан көз жасы, жетімдік, аштық – бәрі байланысқан.

Мен өзімді Отаншылмын деп есептеймін. Отаншыл болу ең біріншіден, өткенді білу және ұмытпау деп түсінем. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр тауы мен тасын ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тарихқа үңілсек, біздің ата-бабаларымыз түрлі соғысты басынан өткерген екен. Барлығы халыққа үлкен қайғы – қасірет әкелді. Осындай аяусыз, сұрапыл, жалмауыз соғыстардың бірі – Ұлы Отан соғысы болды. Аталарымыздың осы соғысқа қатысқан мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздің жақсы, алаңсыз өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Олар мақсаттарына жетіп бізге Жеңіс сыйлады. Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді деп ойлаймын. Олар көрсеткен ерлік бүгінгі ұрпаққа - өнеге. Тыныш, бейбіт мемлекетте өмір сүріп, осының барлығы аталарымыздың қайсарлығы арқылы келгендігіне көзім жетті. Жалғыз мен емес, бәрі осылай ойлады деп білемін. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен майдангерлер мен тылда жұмыс істегендер Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті.

Әрине, жыл өткен сайын ардагерлеріміздің қатары азайып бара жатқаны өкінішті. Осы қалған ардагерлерімізді ардақтайық дегім келеді. Олар туралы 9 мамыр Жеңіс күні ғана ойламай, әрдайым жадымызда сақтауымыз керек.

Кейде мен сонау 1945 жылғы 9 мамырды елестетіп көргім келеді. Сол кезде ардагерлер қалай қуанды екен! Кейбіреулері жылап, ал енді біреулері қатты сықылықтап күлген шығар... Біреулері отбасың құшағына алса, біреулері сүйген жарларына қосылған шығар. Ал көбі осы Жеңіске жете де алмай қалды. Қаншама аяулы жар азаматсыз қалды. Осының барлығын ешқашан ұмытпауымыз керек. Барлығы Отан үшін жасалды. Әрбір азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Отан алдында парызын өтеу – қасиетті борыштардың бірі. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегенің қолға қару алу деген емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. Ол қазіргі мен сияқты жастардың міндеті деп білемін. Мен өз атымнан осылай Отан алдындағы парызымды өтеймін деп айта аламын.

Отан үшін жан алысып, жан беріскен ардагерлер, сіздерге бас иеміз! Сіздерге мың тағзым! Мың алғыс! Біз сіздерге қарыздармыз!

Қабжан Балғын

9- сынып, Мектеп негізгі мектебі

Есіл ауданы Солтүстік Қазақстан облысы

Жетекшісі: Тәшкенов Қалижан Алпысбаевич

Ұлы Отан соғысының дүние жүзі үшін маңызы зор болды. Ұлы Отан соғысы аяқталып, жеңіске қол жеткізгенге міне, биыл 70 жыл толды. Бұл оқиға 1945 жылы мамырдың 9-ыншы жұлдызында болған еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Халқымыз адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге душар болды. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ халық Отаны үшін қасық қаны қалғанша күресті, Отанын қорғады, жауды елге кіргізбес үшін бар күш-жігерін бойына жинап, әлі келгенше елін-жерін қорғап бақты. Жеңіске жету жолында қазақ халқы ауыр зардап шекті: Оқ пен оттан аман оралып, ортамызда жүрген ардагер ағаларымыз бен апаларымыз аға ұрпақтың жауынгерлік және еңбектегі ерліктерін әрқашан мақтан тұтамыз.

Олар өз ет жақындарынан айрылды, әйелдер жесір қалды, балалар жастайынан жетімдіктің зардабын шекті, талай жас қыршынынан қиылды, майдан даласында қаза тапты, ашаршылық кезеңінде аштан қырылды, көп зәбір көрді, қиналғандары соншалық, шет елдерге тентіреп кетті, өз тілін, дінін, мәдениетін ұмытудың аз-ақ алдында қалды. Бірақ өз жері, елі, Отаны үшін жауға қарсы шапты. Сондай-ақ, ер азаматтарымызбен қатар өз Отанын қорғау үшін майдан даласына батыр апаларымыз да аттанған. Шығыстың қос жұлдызы: Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова. Соғыс басталғанда Әлия небәрі 17 жаста болған еді. Сол кезде майданға өзі сұранып, мергендер даярлайтын бөлімді бітірді. Мәншүк Маметова да соғысқа өз еркімен аттанды. Майдан даласына баруға бел буған уақытында 19-ға жаңа шыққан, пысық жігерлі қыз еді.

Пулеметші болып жауды топырлата қырды. Мәншүк Маметова-Невель қаласын қорғау кезінде соңғы оғы қалғанша жауды қырып, ерлікпен қаза тапты. Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды 3 сағат бойы жалғыз бөгеп тұрған.

Отаны үшін өз кеудесін оққа төсеген : Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев және өз ерлігімен көзге түскен көп батырларымыз. Ержүрек батыр ағаларымыз бен апаларымыз өз Отаны жау қолына өтпес үшін, көп тер төкті. Екінші Дүниежүзілік соғыста қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында 1 млн 70мың қазақстандықтар болған...

Соғыс аяқталды! Батыр, ержүрек аталарымыздың, тылда еңбек еткен апаларымыздың арқасында осы күнге жеттік. Барша адам жанына қаяу салған жылдар, қара түнек басқан күндер артта қалды. Халық еңсесін көтеріп, бой жазды. 1945 жылдың 30-шы сәуірінде Рейхстаг үстінде Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын желбіретті. 8- мамыр Берлинде фашистік Германияның толық жеңілгені туралы құжатқа қол қойылды. 9 мамыр күні Жеңіс Мәскеуде тойланды.

Осылайша дүние жүзі халқы бостандық алды, бейбіт өмір сүрді. Бабаларымыз асыға күткен күн туды, үміті мен сенімі ақталды, Жаратқаннан жалынып тілеген тілектері орындалды.

Жеңіс жолында қаншама миллиондаған асыл тұлғалар мерт болды... Қан майданда біздің болашағымыз үшін өз жанын пидә еткен жандар ешқашан ұмытылмайды, және ұмытылмауға тиісті. Себебі бұл – біздің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тарихымыз, біздің мақтанышымыз, біздің даңқымыз! Отаны үшін өз жанын
пида еткен азаматтарымызды мақтан тұтамыз!

Қара түнек ел еңсесін басыпты,
Қазағым да бұл күндерден асыпты.
Елін қорғап, жерін қорғап қазағым
Абыройы өсіп, өз мерейін тасытты!

Мерк Марина

11 сынып, Казанка орта мектебі

Жамбыл ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы

Жетекші: Кошкенова Жадыра Бауржановна

Шүйінші, халқым, шүйінші!

Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жендік жауды күресте
Жасалсын той-мереке.
Т. Жароков

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл болмақ.
Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін,
тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида
еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына
оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген
патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса
жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды.
Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл
мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған
босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған
завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші
үлкен арсеналға айналды.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс
атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болғалы осылай.
Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парактаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ-астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімдер майданға жіберілді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ. Жұматов, В. Фурсов, К. Тұрдиев, Ш. Шолтырев, К. Иманқұлов, Е. А. Качань т. б. жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті. 1941 жылы 24 маусымда 219 атқыштар полкі Литваның Шяуляй қаласында алғаш рет ұрысқа кірісті. Қазақстандықтар жау әскерлерімен Перемышев, Мурманск, Одесса, Севостополь, Сталинград түбіндегі, Украина, Белоруссия жеріндегі жанқиярлық қарсылығына қарамастан немістер соғыстың бастапқы кезінде үлкен басымдылыққа ие болды. Оның бірнеше себебі бар еді. Біріншіден, басынан бақайшағына дейін қаруланған, Европаның көптеген елдерін бағындырған жау әскерінің соғыс жүргізу тәжірибесі мол болды. Екіншіден, тұтқиылдан жасалған шабуылға Кеңес әскерлері әзір емес еді. Үшіншіден, Кеңес әскерін қайта құру, қаруландыру тиісті дәрежеде болмады. Төртіншіден, 1939 – 1940 жылдардағы Қызыл Армияны тазалау кезінде әскердің көптеген қолбасшылары, жоғары, орта буындағы офицерлері ұсталып атылып кетті. Осының бәрі Қызыл Армия бөлімдерінің соғыстың бастапқы кезінде үлкен сәтсіздікке ұшырап, мыңдаған жауынгерлерден айырылуына соқтырды.

Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен ...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Мен, бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары болуымыз керек деген ойды ешқашан ойдан шығарған емеспін!

Мурсалиқызы Нұрсұлу
6 сынып, «Тихоокеанск орта мектебі»КММ
Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы Тихоокеанское селосы
Жетекшісі:Хуан Галия

Жанардан жас паралатқан Жеңіс күні

Оққа тосқан өр кеудесін майданда,
Қаза тапқан Отан үшін аталар.
Ескерткішті қоямын мен жырыммен,
Борышым деп азаматтық басыма.
Мақтанам аталардың ерлігіне,
Туғандай бір анадан бірлігіне.
Жеңістің кілті болды ұлы достық,
Күйретіп фашист атын өз жерінде.
«Ұлы Жеңіс» деген сөз-тарих сөзі,
Аңсаған бейбіт күнді ана сөзі.
Жер-Ана күңіренбесін дегендері-
Атылған салют болып халық сөзі.

Ұлы Отан соғысы... Ұлы Отан соғысына жеңіспен аяқталғанына биыл 70 жыл толып отыр.Ол біздің ақ шашты аталарымыз бен әкелеріміздің ерлік пен қаһармандыққа толы биік рухын күллі әлемге танытқан сындарлылық символы болса, 9 мамыр-Жеңіс күні аға ұрпақтың сол жанқиярлық ісін ел жадында мәңгіге сақтауға арналған ең қасиетті мереке. Иә, 1941-1945 жылдардағы алапат от кешу туралы зерде-қасиетті ел-жұртымыздың жалпы тарихының бір бөлігі.

Өйткені, аға ұрпақтың сол сұрапыл сындағы төзімділігі мен табандылығы, қайраты мен қаһармандығы болмаса, бүгінгі жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Біз бүгін осының бірін ой елегінен өткізе отырып, Ұлы Жеңісті жақындатқан ардагерлер алдында басымызды иеміз. Олардың ұрпаққа ұран болған ерліктері әрқашан есімізде сақталады!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ардагерлерді мақтан тұту және құрметтеу әрбір қазақстандықтың жүрек түбіндегі іс. Біз, жеңімпаз әкелердің перзенттері, соғыс жылдарында ержүректік және жанқиярлық көрсеткен ұлы сарбаздардың өшпес даңқын әрқашан есте сақтайтын боламыз. Толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпақтың бақыты үшін күрескен ағаларымыздың әр ісі біздер үшін үлкен үлгі өнеге!

Ұлы жеңістің майдангерлерін құрметтеу, оларға қамқорлық жасау біздің басты парызымыз.

Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлеріміз, ардақты ағаларымыз, қадірлі әкелеріміз-ел басына күн туғанда намыс отын жағып, туған топырақтарын қасық қаны қалғанша қорғағанына тарих куә, кешегі сұрапыл заман куә.

Қан майданға қаршадай жасынан кіріп, жарақат алып, мүгедек болып қалған ерлеріміз қанша. Төрт жылға созылған кешегі Ұлы Отан соғысы тарихымызда өшпес із қалдырды. Жесірлер мен жетімдер, қираған қалалар, еңсесі түскен ауылдар-бәрін көріп, бәріне де көнуге тура келді. Ер азаматтар, жасөспірім қыз-жігіттер майдан шебіне аттанды.

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихта бұрын-соңды болмаған, ұзаққа созылған ең ауыр, сұрапылы болды. Ол Германия фашистерінің тарапынан әділетсіз болса, Отанын, отбасын қорғау жолында қасық қандары қалғанша шайқасқан біздің жауынгерлердің тарапынан әділетті соғыс еді. Басынан аяғына дейін мұздай құрсанып қаруланған жауды жеңу де оңайға соққан жоқ. Жастық шағының бал дәурені енді ғана басталған жалынды жастар ата-анасымен, сүйген жарымен қош айтысып, сүйкімді балаларын беттерінен сүйіп, жауына соққы беру үшін батысқа бет алды...

Қаншама бейкүнә адамдар қырылды, майдан даласы қанға бөкті. Жазықсыз балаларды бақытынан айырды, ақ жаулықты аналардың көз жастарын көл қылды, сүйген жарларын жесір етті. Соғыс өрті жолындағы қалаларды, елді мекендері күл-қоқысқа айналдырды. Жау снарядтары ағаштарды тамырларымен қопарып, орманды ойсыратты. Жер-Ананың асатаң-кестеңін шығарып, табиғатты экологиялық зардапқа ұшыратты. Міне, соғыстың лаңы осындай. Халық қара жамылып, қарғыс атқан соғысқа лағнет айтты. Атпал азаматтармен бірге соғысқа өз еріктерімен сұранып барып, жауды шөпше жапырған қазақтың қайсар мінезді қос қарлығаштары Әлия мен Мәншүктің ерліктеріне қалай сүйсінбессің?! Көктем гүліндей құлпырған қос құрбының қолы ма еді бұл соғыс, керісінше алтыбақан аясында ән ырғағымен тербелеп, құрбы-құрдастарымен, албырт шақтарын күміс күлкіге толтырып өткізбес пе? Міне, сол бойжеткендер бақытты жастық шақтарын тағдырдың темірдей тәртібіне айырбастап, гүл ұстар қолдарына қару алып, өмірлері үшін өлімге бас тіккен жоқ па еді? Ерлерше ерлік көрсеткен қос құрбының тұғырлары биік боп, рухтары аспандап тұр. Көз жұмар сәттерінде не ойлады екен? Мүмкін, анасын әлде әпке-сіңілілерін немесе балдай тәтті балалық шақтарын сағына еске алған шығар? Қапыда кеткен арулар-ай!

Жайратып жүрген кезің, жауды шашып,
Мерт болдың қан майданда, қайран Мәншүк!
Кетеді сені ойласам кеудем шаншып...
Мәңгі жас боздағым да, ардағым да,
Не дермін сенің ауыр тағдырыңа?
Өзіңді Жеңіс күні еске аламыз,

Бас иіп уа, дариға, Аруағыңа!» -деген Жарасбай Нұрқан ақынның «Қызыл гүлім» өлеңіндегі жолдар қыршын жасында мерт болған қыз ғұмырын көзге елестетеді.

Ұлы Жеңіс миллиондаған ардагерлер мен соғыс өртіңде қырылған адамдардың қазасымен, аяқ-қолдарынан айырылған мүгедектердің жарымжан қалуымен, аналардың азалы жоқтауымен, тар жол, тайғақ кешудегі қиындығымен келеді. Соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлеріне алғысымыз шексіз және адамдар жүректерінде мәңгілікке қалады. Олар сол бір қаһарлы жылдары өздерін аяған жоқ, қатал сыннан өтті, тауқымет тартты. Олардың ержүректігі мен жанкештігі- біздің баршамыз үшін елжандылықтың мәңгілік үлгісі сарқылмас бұлағы.

Соғыс және еңбек ардагерлеріне қамқорлық, олардың әлеуметтік мәселелерін шешу-Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекеттік саясатының аса маңызды басымдығы. Бұл мәселелер бүкіл билік органдарының, қалың жұртшылықтың ұдайы назарында.

Бүгінгі таңда біз ұрыс даласында және еңбек майданында Ұлы Жеңіске сүбелі үлес қосқан ардагерлерімізді терең ілтипатпен еске аламыз.

Соғыстың ауыр жылдары-ол біздің тарихымыз ғана емес, сонымен бірге болашағымызға өте құнды тағылым. Біз тек қана ерлік пен табандылық, еңбек пен асқан ұйымшылдық, Отанымыздың бүкіл халқының достығы мен ынтымақтастығы, оның игі дәстүрлеріне адалдық және кез келген, ең күрделі мәселелерге бастамашыл, шығармашылық көзқарас қиындық атаулыны жоюдың нық кепілі, сүйікті Отанымыз-Қазақстан Республикасының қауіпсіздігінің, алға басуы мен гүлденуінің кепілі екенін Жеңістің тәжірибесі арқылы көз жеткізіп отырымыз.

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен тыл еңбеккерлеріне ең ыстық құттықтауларымды білдіріп, бас иемін, теңдессіз қаһармандық, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында өшпес ерлік көрсеткендердің баршасының абыройы мен даңқы арта берсін!

Ұлы Жеңіс үшін жанын қиған қаһармандардың даңқы мәңгілік есімізде қалады!

Мұратбекқызы Райхан

9 сынып оқушысы
Солтүстік Қазақстан Облысы,
Тайынша ауданы «Алабота орта мектебі»
КММ Жетекші:Исмагулова Ж.Т

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!

Соғыс ұмытылмас қайғы-қасірет. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді жойды. Әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан Соғысы – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Халқымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі. Қасіреті көп соғыс ата-бабаларымыздың ерлігі арқасында жеңіспен аяқталды. Солардың жанымен, қанымен, туған жердің топырағын жауға таптатпай, жауды жеңіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Жеңіс күні – мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл – ерлік пен қайтпас қайсарлықтың мейрамы. Біз Ұлы Отан Соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине «бірлік». Соғыс жылдарында қаршадай баладан, еңкейген қартқа дейін барша халық күні-түні еңбек етіп, Жеңіс үшін күресті. Ұлы Жеңісті жақындатуға әрбір адам қолдан келгенше бар күшін салып, үлесін қосты. «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі. Отан үшін отқа түс – күймейсің!», -деп бекер айтпаған-ау батыр атамыз Бауыржан Момышұлы. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев соғысқа қатысып, қаза тапқан, хабарсыз кеткен әр жауынгер туралы мәліметтерді асқан мұқияттылықпен қарап, олардың назардан тыс қалмауына үлкен көңіл бөлді. Дана халқымыз «Болашақты болжағың келсе – бір сәт өткенге көз сал»-дейді. Өйткені өткеніміз – біздің тек тарихымыз ғана емес, ең алдымен ол рухани байлығымыз. Біз жеңіс үшін жаумен айқасқан аға ұрпаққа да, басын ажалға тігіп мәңгілікке көз жұмған асыл апаларымыздың рухы алдында да мәңгілік қарыздармыз. Соғыс жылдары Қызыл Армия қатарына 120 мыңдай солтүстік қазақстандық шақырылды. Біздің жерлестеріміз барлық майдандарда жауға қарсы күресіп, Берлинге дейін жетті. Фашисттердің апанын тас-талқан етіп қиратқан сол бір тарихи күндерде жауға қарсы соңғы рет оқ атқан жеңімпаз батырлар арасында Солтүстік Қазақстанның жаужүрек ұлдары да болды. Олардың арасында 52 Кеңес Одағының батыры және 11 Даңқ орденінің толық иегері бар. 45 мыңнан астам жерлестеріміз Ұлы Отан соғысының майдан далаларынан қайтпай қалды. Аққұдық ауылында да Ұлы Отан Соғысына қатысқан жерлестеріміз бар. Олар: Исмагулов Ережеп, Якубин Ефим Еремеевич, Леонов Илья Филиппович, Сопильник Григорий Григорьевич, Курмангожин Едрес, Мусаханов Мәжит, Мельянов Есментай, Тулетаев Шалабай, Амренов Аманжол, Базылжанов Қабыл, Біржанов Ерғали,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жукашев Баймолла, Мельянов Балтабай сияқты аталарымыз. Батыр аталарымыз І дәрежелі Отан соғысының ордені, ІІ дәрежелі Отан соғысы ордені, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы айбынды еңбегі үшін», «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуковтың», «Праганы азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдерімен марапатталды. Ұлы Отан соғысының 70-жылдығына орай ауылымызда батыр жерлестерімізге арнап «Даңқ алаңы» орнатылады. Олардың есімдерін жүрегімізде сақтай отыра, ерліктеріне тағзым етеміз. Облыс орталығы Петропавл қаласында қаза тапқан жерлестерімізге арналған мәңгілік алау жанып тұр. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес»-демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымыз бен апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ол кісілердің ерліктері біздерге «XXІ ғасырдың балаларына» үлкен үлгі. Олар өз замандарының нағыз патриоттары. Мен осындай батыр бабаларымыздың болғанына мақтанамын. Мұндай қайғы – қасіретке толы соғыс ешқашанда болмасын!

Наматова Үміт

8-сынып оқушысы

Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды
балаларға мамандандырылған гимназия-интернаты

Мұғалімі: Есенғалиева Жақсылық Көкенқызы

Термен келген жеңіс қымбат біздерге

Соғыс...Бұл бір сөз - адам жаны түршіктіретін, қорқынышты да аяусыз ұғым. Әр жыл сайын сонау жылдардағы соғыс жаңғырығы біздер үшін ертегі сияқты көрінеді. Тұтқиылдан тап берген сұм фашизмнің арам пиғылдары, шексіз зұлымдықтары талай жанұяның шаңырағын ортасына түсірді. Қаншама боздақ соғыста шейіт болды. Қаншама бала әкесінен, қаншама әке баласынан, бауырынан айырылды. Көз жасын көл қылған аналарымыз бауыр еті балаларынан көз жазып, сонша жылдарын еңіреумен өткізді.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Көрмесек те, біз оқыған кітаптарымыздан, кинолардан, жаңалықтардан соғыс зардабының адамдарды аямағанын білемін. Тып-тыныш бейбіт заманда өмір сүріп жатқан елдің тыныштығын соғыс келіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бұзды... Қалалар қирады, ғимараттар бұзылды, аспанды қара бұлт басты. Өйткені бұл - соғыс!

Соғыс жылдары ер-азаматтар майданда қасық қандары қалғанша аяусыз соғысса, ауылда қалған аналарымыз сол майданға рух беру үшін қызмет етті. Бастарынан ұйқысыз түнді, күлкісіз күндерді өткізді. Бұлай болмаса, біздің жеңіске жетуіміз екі талай еді. Ол кезде айтылар бір ғана ұран болды. Ол «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» еді. Әйелдер мен буындары қатпаған жас балалар тылдағы ең басты күш болды. Өйткені соғыс алаңындағы әскерлерімізге киім-кешек, азық-түлік, қару-жарақ ауадай қажет еді. Елімізді, жерімізді қорғау мақсатында Қазақстаннан мыңдаған сарбаз әскерге аттанды. Бәрінің ойында фашизмді түп тамырымен жойып, елге жеңіспен оралу еді.

Иә, соғыс ешкімді де аяған жоқ. Соғыс оларды қанша таптаса да, біз жеңілмедік! Біздің жеңісіміз – біреуі қолын, біреуі аяғын, біреуі көзін беріп келген кембағал аталарымыздың, жат елде хабарсыз кетіп, еліне оралмаған аталарымыздың арқасы. Жеңіс туын желбіретіп, бізге бейбіт өмірді сыйлаған аталарымыз және қазақтың қыршын кеткен аналары, яғни, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Б.Момышұлы, Т.Бигелдинов, Қ.Қайсенов, Р.Қошқарбаев, Т.Тоқтаров сынды батырларымыз болатын. Пулеметімен жауға оқ жаудырған Мәншүк болса, қырағы Әлия, темірдей қатал Бауыржан, құстай ұшқыр Талғат аталарымыз талай жаудың талқанын шығарды. Олардың бойында қазақтың қаны, қазақтың жаны болды. Намыс бойды кернеп, елі үшін барлығына әзір болған еді.

Ұлы Отан соғысына өз еркімен аттанғанғандардың ішінде менің нағашы атам Андағұлов Жәрек туралы сөз қосқым келеді. Соңғы Сталинград түбінде болған ұрыс даласында көптеген әскермен бірге соғысқа шығып, содан хабарсыз кеткен. Анамның айтуы бойынша, менің атам ержүрек, батыр кісі болған. Шіркін, атам аман-есен соғыстан оралып, жеңістің тәтті шағын кейінгі ұрпақтарымен бірге көретін еді-ау. Бірақ ол күнге жете алмады. Мен тілге тиек етіп отырған азаматтарымыздың бәрі біз үшін, артында қалған ұрпақтары үшін жандарын пида етті.

Міне, содан бері 70 жыл! Жылдарды артқа қалдырып, жарқыраған жаңа заманда шалқып өмір сүріп келеміз. Мектепте еркін білім аламыз, ата-анамызды құшағында алаңсыз бауырларымызбен мәз-мейрам боламыз. Жыл сайын біздің Отанымыз жеңістің иісі шыққан көктемді қарсы алады. Әр жүз адамнан екі адам Отанына оралып, бізге шаттық өмір сыйлады.

Қазақстанымыздың түкпір-түкпірінде жеңіс күні мерейлі тойланып, ардагерлеріміз ықыласқа бөленуде. Мемлекет тарапынан майданда қаза болғандардың жанұясына, ұрпақтарына жәрдем көрсетілуде. Жеңістің жетпіс жылдығына орай көптеген іс шаралар жоспарлануда. Тәуелсіз еліміздің ашық аспанында ұшақтар қалықтап, отшашулар жарқырап, әскери шерулер алаңда сап түземек. Мұның барлығы жеңіс күнінің құрметіне арналмақ. Десек те, жүректің түбінен соғыстың ызғары кетер емес. Жанын шүберекке түйген,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

яғни, соғысқа аттанған қазақ, өзбек, украин, орыс, тәжік т.б ұлттарымыздың жат жерде хабарсыз кетіп, не болмаса, жер астында бір-бір төмпешік болып қалғаны - өкінішті жайт. Соғыс ардагерлерінің жыл сайын саны азайып бара жатқаны жаныңды қынжылтады. Кеуделері орден мен медальға толы қарт кісі көрсем, басымды игім келеді. Маңдайларын әжім басқан тыл еңбеккерлерін көрсем, құшақтап, сүйгім келеді. Өйткені бізге тыныш өмір сыйлаған ардақты ұлылар - солар. Жеңіс туралы айтатын болсақ, ол-қуаныш пен қайғы, күлкі мен көз жас. Қуаныш пен күлкі Ұлы Отан соғысының жеңісі болса, қайғы мен көз жас - соғыс кезінде миллиондаған боздақтардан айырылғанымыз. Барша жер бетінде ешқашан соғыс болмасын, анасын бала, баласын ана мәңгілік жоқтамасын! Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, соғыстың қатал заңы басымызға төнбесін! Жеңіс күні баршамызға мерейлі болсын!

Күн туғанда бүкіл елдің басына,
Қарамай-ақ үлкен-кіші жасына,
Қорғау үшін елмен жерді азаттан,
Аттаныпты майданға олар асыға.
Көрмеу үшін қайғы басқан жүзінді,
Отан үшін сапқа тұрып түзілді.
Қанша армандар орындалмай аңсаған,
Қанша үміттер қыршынынан үзілді.
Қадірлейік, қасиетін тілейік,
Алақанға аялап біз жүрейік.
Жылдар сайын барады ғой азайып,
Ардагерерге ұзақ өмір тілейік!

Нурсейтов Темирлан
6-сынып оқушысы
Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы
Қайырбек Оразов атындағы
Аралағаш орта мектебі
Жетекші: Темирова Ж.А.

«Бейбітшілік» деп соғады жүректер

Соғыс, соғыс болмасын,
Қара бұлттар төнбесін.
Аспанымыз ашық боп,
Ақ көгершін самғасын.

Соғыс және бейбітшілік. Екеуі бір – біріне кереғар ұғым. Соғыс деген сұм сөздің өзі қорқынышты. Осы бес әріптің тұла бойында жан шошырлық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сұмдық, аса үрейлі түсінік жатыр. Тіпті былдырлаған сәбидің өзі «Атыстан қорқамын» деп жанарына жас үйіріле қалады. Соғыс десе сонау бір өткен замандардағы небір шайқастар үрейінді алады. Кешегі өткен Ұлы Отан соғысы ше? Онда біздің елдің жиырма миллион адамының қыршынынан қиылғаны мені шиыршық атқызады.

«Жиырма миллион боздақ жан жүр көңілде,
Жиырма миллион жұлдыз сөнді көгімде,»

-деп жырлаған бір ақынның өлеңі ойыма түскен сайын, жүрек шіркін қыстығып қоя береді. Өмір мен бейбітшілік туралы толғанбайтын жан бар ма? Бәріміз де бақытты болғымыз келеді. Бәріміз де бір ауыздан: «Соғыс болмасын дейміз. Сонау отты жылдардың қан майдандарда кейбіріміздің аталарымыз бен әкелеріміз, әжелеріміз бен апаларымыз болашақ үшін, Отаны үшін жаумен шайқасып, өз өмірлерімен ерте қоштасты. Біз, олардың ұрпақтары, аталарымыз бен әкелеріміздің әперген жеңісін сақтап қалуға тиіспіз. Соғыс салған жараны, кеудесінде қорғасын оғының қалдығы жүрген адамдарымызды, Отан үшін жан пиде деп кеудесін оққа төсеген ерлерді ұмытуға хақымыз жоқ. Ендігі уақытта тілегіміз де, арманымыз да, жазатын әніміз де, жырлайтын жырымыз да соғысқа қарсы болмақ. Бейбітшілік! Қай халыққа болмасын оңайлықпен келген жоқсың. Біз үшін қаншама ақ жаулықты аналар, көздері мөлдіреген сәбилер құрбан болды, қаншама қан төгілді. Қазіргі кездегі әрбір елдің, әрбір адамның тілер тілегі бір, ол – бейбітшілік. Олай болса, біздің барлығымыздың да тілер тілегіміз тек қана бейбіт өмір сүру.

Бейбітшілік дегеніміз – теңдік, достық, бостандық. Біздің еліміз осындай ұлы мұраттар жолындағы күрестің алдыңғы шебінде келеді. Қанқұйлы соғыстың бейбітшілікті сүйетін халықты қандай жағдайларға душар еткенін біз тарихтан білеміз. Әлемде тек бейбітшілік болса адамзатқа одан артық бақыт жоқ. Оны соғыс қасіретін тартқан үлкендер ғана емес, келер ұрпақ біз де түсінеміз. Әрдайым аспанымыз ашық болып, төбемізде күн күліп тұрса, қызу еңбек, шат күлкі билеген жұмыр жер адамдары арасындағы достық берік болса. Біз тек осыны тілейміз.

Кеше ғана сұрапыл отты жылдарда Ұлы Отанымызды неміс фашист басқыншыларынан қорғаған, бүгінгі жүздерін әжім іздері шимайлаған, самайларын ақ шалғын ардагерлер баршамыздың құрметімізге бөленген. Мектебімізде соғыс мүгедектері мен ардагерлеріне арналған кездесулер өтіп тұрады. Ардагер аталарымыз бен ағаларымыз «соғыстағы ерлік жайында айтып беріңізші», -деп сұрасақ:

«Ерлік... Отан қорғау жолында жау оғынан мерт болып, ерлік жасауды сендерге бермесін. Бейбіт күннің ерлігі де қымбат, қадірлі ғой, балам» дейді ойға шомып. Осы Ұлы Отан соғысын халқымыз жеңіспен аяқтады. Сол жеңіске міне, 70 жыл толғалы тұр. Бұл Жеңіс – еліміздің бостандығын барша адамзатты фашизм қаупінен арашалап қалған әкелеріміз бен аталарымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қаһармандығының айғағы. Арада қанша уақыт өтсе де, жеңімпаздардың айбынды даңқы өшпек емес.

Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес.

Мен Қазақстанның азаматымын! Елімнің кең етек алған байлығымен, шексіз бақытқа толы тұрғындарымен, әсем де сұлу жайнаған табиғатымен, ұласып жатқан заңғар да асқар таулары - менің көкірегіме зор қуаныш кернегендей болады да тұрады. Осындай еліміздің бар байлығын сақтайтын ұрпақ керек. Ол әрине біз, яғни жастармыз!

Ежелден ата – бабаларымыз қан майданға түсіп, елі, жері үшін ат салысқан еді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, аманат болып келе жатқан тілімізбен, дінімізді ата-бабаларымыз бізге тапсырғаны анық. Сондықтан да Қазақстан Республикасында туып - өскен әр азамат өзінің елін қорғай білуі керек. Кейбір елдерде аспаннан бомба жарылып, үйлер мен мектептер өртеніп, қиын – қыстау күндерді басынан кешіріп отырған жазықсыз сәбилердің, жасөспірім балалардың қабағынан қар жауған мұңды жүздерін, көздерінен көл болып аққан жастарын көріп, жас жүрегім діріл қағады. Ал мен және менің сыныптас достарым бақыт құшағына бөленген қасиетті құт мекенде дүниеге келгенімізге қуаныштымыз, жарқын болашаққа деген үміт сәулесі көкірегімізді кернеп, зор шаттыққа бөлейді. « Мен бақыттымын!» - деп айқайлағым келеді бар әлемге. Өзімнің туған еліме, өлкеме, кіндік қаным тамған жеріме деген ыстық ықыласымды, зор мақтанышымды, биік сезімді жасыра алмаймын. Ер жетіп, есейген соң еліме деген сүйіспеншілігімді еңбегіммен ақтайтыныма сенімдімін. Алдағы үмітім орындалу үшін менің тәуелсіз Қазақстанымда және барлық әлемде тыныштық орнап, бейбітшілік туы желбірей берсе екен дегім келеді.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 70 жыл толғалы отыр. Жеңіс күні қарсаңында біз Ұлы Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухына бас иіп, тағзым етеміз. Содан бері талай уақыт өтсе де ел тағдырына қайғылы із қалдырған сол бір сұрапыл жылдар халық жадында мәңгілік сақталып қалады. Төрт жыл қардай жауған оқ астында батырлық танытып, ерлікпен күрескен ер ұлдарымыздың да есімдері тарихта алтын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әріппен жазылып қалатындығы сөзсіз. Бейбіт өмір тарту еткен ардагер ата-апаларымызға қанша құрмет көрсетсек те артықтық етпейді. Біз есімдері тарих беттерінде алтын әріптермен жазылған ағаларымыздың алдында қарыздармыз.

Нуртазина Нұрсұлу

8 сынып Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданы, Телжан орта мектебі
Жетекші: Досханина Гүлім Омарбекқызы

Ұлы Отан соғысы осыдан 70 жыл бұрын аяқталғанымен, оның салған жарасы талай жүректе әлі де бар. Балғын балалық шақтары осынау зұлмат жылдармен тұспа-тұс келген жандар қаншама?! Бірі қару көтеріп, соғысқа аттанса, енді бірі тылдағы еңбекті үлкендермен бірге бөлісті. Ел басына түскен қиын-қыстау шақта тылда қара жұмысқа жегілген кешегі балалар – бүгінде бір әулеттің ақ сақалды атасы, шежірелі қазынасы. Ұлы Отан соғысының басталуының 70 жылдығы, мұндай соғыстың ешқашан қайталанбау керектігін және кез келген агрессорды әділ жаза күтіп тұрғанын баршамыздың есімізге салады. Осы соғыс туралы тарихи шындықты, оның қалай басталып, қалай аяқталғаны туралы келер ұрпаққа жеткізуді маңызды міндет санаймыз. Ұлы Жеңіс - біздің елдеріміздің халықтарын біріктіріп отырған басты тарихи оқиғалардың бірі, Ұлы Жеңіс - достық, бауырластық және тату көршілік мұратында тәрбиеленіп отырған соғыстан кейінгі жылдардың барша ұрпақтары маңызды рухани құндылық, адамгершілік тұғыры.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Менің нағашы атам соғыс ардагері. Ол кісі Украинада соғысты. Менің нағашы атамның толық аты-жөні Сатыбалдин Кажкен Рақышұлы. Ол 1998 жылы қайтыс болды. Нағашым бес тілді білген; неміс, қазақ, орыс, татар және араб тілдерін меңгерген. Атамның 5 ұлы, 5 қызы бар. Ұлы Отан соғысы әрбір адамның өміріне өшпестей із қалдырған. Сол жылдары ер адамдардың басым көпшілігі соғысқа аттанған, көбінесе әйел адамдар мен балалар көп өмір тауқыметін көрді. Жоқтықты да, аштықты да көрген. 1945 жылы біз үшін жеңіс туы атты. Қанша адам осы жеңіс күнін аңсап, көре алмай арманда кетті десеңші. Осы жеңіс жылдарына жету үшін ер адамдар ғана емес, қыз балалардың да ерліктерін айтпай кету мүмкін емес. Елім деп, жерім деп қасық қандары қалғанша шайқасқан қазақ қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова. Шіркін, бүгінгі таңды осы қайсар қыздарымыз көрсе ғой. Осы соғыс, қасірет, жаулардың соғысы біздің жанымызда қалды. Бірақ біз әрі қарай тек жақсылықты армандап және бағыттау керекпіз. Мен атамды, Бауыржан Момышұлын және тағы басқа ата-бабаларымызды мақтан тұтамын. Өйткені біздің батырларымыз жауға берілмеді. Өз жерін, өз елін, жауға сатпады. Нағыз батыр және нағыз азамат деуге болады. Күткен жеңіс 1945 жылы 9 мамырда келді. Біздің жерімізге бейбіт өмір келді. Биыл 2015 жыл 9 мамырда біздің батырларымыз бен боздақтарымыздың елін, жерін қорғап, қасық қандары қалғанша соғысқандарына 70 жыл толады. Мен осы Отан үшін өз жандарын құрбан еткен жандарды, оның ішінде атамды мақтан тұтамын. Ол адамдарда өз отанының патриоты деп білемін, олардың ерлігі мәңгілік біздің жадымызда. Ұлы жеңіс үшін ата-бабаларымыз көп қиындықтан өтті. Осы соғыс олар үшін жаппай қасірет әкелді. 1941 жылы неміс фашизмі тұтқиылдан шабуыл жасады. Соның салдарына соғысқа ер адамдар, жастар аттанды. Елдімекендерде тек әйел адамдар, балалар және жұмысқа жарамсыз қарт адамдар ғана қалды. Осы бір қиын қыстау жылдарда қанша қиындықты бастан кешірді десеңші. Біз бейбіт өмірде күн кешіп жатырмыз, сол себепті олардың көрген қиыншылықтарын тек қана сөзбен айта аламыз және оны түсінеміз. Бірақ сөзбен айту бір басқа, ал оны бастан кешіру бір басқа екенін бәріміз де білеміз. Құдайым ондайды енді көрсете көрмесін. Сол жылдары қаншама жас жігіттер, қыздар өз өмірлерінің осыншама қысқа болатындығын білмей қалды. Жалпы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қазақ халқы дарын иелеріне өте бай халық, сол боздақтардың ішінде қанша Абай, қанша Мұхтар және де т.б. қанша дарын иелері кетті десеңші.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы жеңісінің 70 жылдығы, мұндай соғыстың ешқашан қайталанбау керектігін және кез келген агрессорды әділ жаза күтіп тұрғанын баршамыздың есімізге салады. Осы соғыс туралы тарихи шындықты, оның қалай басталып, қалай аяқталғаны туралы келер ұрпаққа жеткізуді маңызды міндет санаймыз. Ұлы Жеңіс - біздің елдеріміздің халықтарын біріктіріп отырған басты тарихи оқиғалардың бірі, Ұлы Жеңіс - достық, бауырластық және тату көршілік мұратында тәрбиеленіп отырған соғыстан кейінгі жылдардың барша ұрпақтары маңызды рухани құндылық, адамгершілік тұғыры.

Біз майдан даласында қаза тапқан, концлагерьлерде, фашистердің тар қапастарында азаптап өлтірілген, аштықтан, жоқтықтан опат болған адамдардың рухтарына т ағзым етеміз.

Нұрманов Руслан

«№ 42 орта мектеп» КММ 8 -сынып оқушысы

Петропавл қаласы

Жетекші мұғалім: Аманжолова Т.Т.

Соңғы сөз

Соғыс, атыс, майдан,
Төгілді жас пен қан.
Оқ пен оттың арасында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Өлімнен түршікті жан.
Жас - кәрі, ана- бала демеді,
Улы оқ жаралады денені.
Есеңгіреп, ес-түссіз жатқанда,
Киелі аруақтар тек жебеді
Табиғат- анам, жылама далам,
Бұл жер сенікі, балам.
Қасық қаным қалғанша,
Сарыарқама қорған болам.

Біз бақытты балдырғанбыз. Біздің болашағымыз жарқын, басар қадамымыз да айқын. Әрине осының бәрі ата-бабаларымыздың төккен терімен, жасымен, қанымен келді. Сондықтан біз олардың алдында әрқашан бас иеміз!

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Соғыс - барды жоқ, тауды жер ететін күйретуші күш. Соғыс кімді жайпамады, кімнің өмірін шайқамады десеңші?!

Биыл Ұлы Отан соғысына 70 жыл. Бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысынан аман оралған ардагерлер саны азайып бара жатыр емес пе?! Солардың көз жасымен, күшімен, ерлігімен туған жердің топырағын жауға таптатпай, аш-жалаңаш жүріп азат өмірдің туын желбіреткен күн – Жеңіс күні. Халқымыз үшін бұл күн Ұлы мереке болды. Осы күнді біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды.

Соғыс туралы ата-әжеміз, әке-шешеміз жиі айтады. Олардың айтуынша фашистердің аяусыз көрсеткен зорлық-зомбылықтарын естігенде дене түршігеді. Өне бойым шымырлап, мұздап сала береді. Әжем әңгімесін жылап отырып айтатын. Оған қарап мен де босап кетемін. Әжем баласы Қосманның соғысқа аттанып, одан оралмағандығын жиі әңгімелейтін. Бізге «қара қағаз» әкелмеген. Сондықтан әжем «балам бір күні келеді» деген үмітпен өмір сүрді. Қазақстандық әр отбасы соғыс ауыртпалығын өз басынан өткерді. Егер соғыстың алдында Қазақстанда 6 млн 200 мың адам тұрса, соғыс жылдары майданға бүкіл халықтың төрттен бірі аттанды. Бұл дегеніміз -1 млн 700 мыңнан астам қазақстандық. Олардың жартысынан астамы соғыстан оралмады. Мен үшін 1941-1945 жылдары өмір сүрген адамдардың барлығы батыр. Оқ пен оттың арасында арпалысып жүруге батылдық керек. Соғыстың алғы шебінде қайсарлықпен шайқасып, ерлігімен ел аузына ілінген ардагерлеріміз қаншама. Бүгінгі ұрпақ мектеп қабырғасында да Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова т.б батыр аға-апаларымыздың ерлігіне тәнті болып, еліктеп өседі. Біз тарихтан қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барғанын, олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсеткендіктерін білеміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бәрін де майдан үшін, бәрін де жеңіс үшін деген ұран барша халықты біріктірді.

Адамзат тарихында ірілі- уақты он бес мыңға жуық соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, ең жантүршігерлігі Ұлы Отан соғысы болды. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі халқымыздың ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

70 жыл — бейбіт көктем таңы атқалы,
70 жыл — шуақты күн әнін таратқалы
Талай құс содан бері қайта оралды,
Талай бақ әлеміне қайта оранды.
Соғыста өлгендер тек оралмайды,
Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді.
Ұлы Жеңіс құтты болсын, отандастар!

Рахимжанова Салтанат

11 сынып,

Ленин орта мектебі Мамлют ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы

Жетекші: Айнаш Болатқызы Мукужанова

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмас емес!

Соғыс күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атауының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен соғыс жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін тендесіз құндылық ұрпақ аралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын аралап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс 15 одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нүрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарест, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 3 млн қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.

9 мамыр «Жеңіс күні»- мен үшін бір үлкен мейрам, мереке болатын. Мен ес білгелі нағашы атамның үйінде дастархан жайылып, соғысқа қатысқан ауыл

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлері бас қосушы еді. Соғыс туралы әңгіме айтып, жастар соғыс туралы патриоттық әндер айтатын. Атам ордендерін тағып бір ерекшеленіп кететін. Өкінішке орай, атам қазір жоқ, атам 1942 жылы жараланып, соғыстан оралған. Көптеген медальдармен марапатталған. Атам соғыс және еңбек ардагері. Атамды әлі ауылдастары мақтан тұтып әңгімелейді. Міне, ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау – әрбір саналы азаматтың, біздің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біз соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын!- деп тілеймін. «Ер есімі ел есінде» - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Саденова Раушан

9-сынып,

№20 орта мектеп

Петропавл қаласы

Жетекші:Әбішева Жанна Аманжолқызы

Ешкім де, ешқашан да ұмытпайды

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді деп ойлаймын.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақ-ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, майданға керекті оқ - дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін соғыс. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. . Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Ұлы жеңіс торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін әрине ерекше. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Секенов Даниал

10 сынып, «Солтүстік Қазақстан облысы

Мамлют ауданы

Воскресеновка орта мектебі» КММ

Жетекші: Өсіпова Алтын Медебайқызы.

Біздің қазақ халқы басынан небір сындарлы кездерді бастан кешіп, өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекіген. Осындай қиын қыстаулардың бірі – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді. Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі

ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз.. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді. Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды. Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай.. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз. Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. "Отан үшін отқа түс, күймейсің" деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Ол – Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі. Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлік болатын. Майдан шебінде жанын пида еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады. Өз ойымды Махмұтбай Әміреұлының өлең шумақтарымен аяқтағым келеді:

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жарық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.
Ерлік сүйген еліңе салтың ұнар,
Жүздеріңде жанған от жарқылы бар.
«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,
Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар.
Жасқанбаған жауынан жаракты ер,
Ерлігіңді аңыз ғып таратты ел.
Қаһармандық дегенді кейінгі ұрпақ,
Жүздеріңе сендердің қарап білер.

Сивнбаева Кымбат

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы «Тауағаш орта мектебі» КММ

9-сынып оқушысы

Міне, еліміздің, жеріміздің тәуелсіздігі, теңдігі үшін, бейбіт өмірі үшін күрес жолында ерліктерімен ел есінде өшпес із қалдырған ерлеріміздің арқасында жеткен жеңісімізге де 70 жыл толып қалды. Осы 4 жыл ішінде болған қиян-кескі майданнан қаншама адам елі үшін жанын пиде етіп оралмаған? Олардың қатарында біреудің әкесі, біреудің күйеуі, біреудің інісі, біреудің ағасы, біреудің жалғыз баласы кетті де оралмады. Сонымен қатар, майданға аттанған жауынгерлер қатарында тек ер адамдар ғана емес, аяулы да, ардақты аналарымыз да жоқ емес. Осы сұрапыл соғыста жас баланың көз жасына да тұрмайтын зардаптан бетер еш пайдасы болған жоқ. Керісінше, қаражат шығыны, адам шығыны көп болды. Ол кездерде біріккен одақ болғандықтан, Ресей мемлекеті барлық ұлттардан әскер жинақтап, соғысқа аттандырды. Олардың арасында біздің елден қатысқан қазақ азаматтары да аз емес.

Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдулин, Төлеген Тоқтаров, Рашид Жанғозин, Рамазан Елебаев, Рақымжан Қошқарбаев, Төлеуғали Елеубеков,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова. Бұл аталған азамат пен азаматшалар Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақ жауынгерлері. Әрине, соғысқа қатысқан 2 млн қазақтардың барлығы батыр, барлығы қаһарман. Бірақ, жоғарыда айтылған батырлар ерекше ерлігімен, нағыз ержүректілігімен, намысшылдығымен, ұлтшылдығымен, еліне адалдығымен танылған, атақ үшін емес, туған жерінің амандығы үшін жауға кеудесімен қарсы тұрып, бір қасық қаны қалғанша, жауды көзімен де, ойымен де, оғымен де атқан нағыз батыр, шын мәнінде Отан үшін отқа түскен жауынгерлер. Осындай ардагерлеріміз болмағанда, қазір біз осы тәуелсіз мемлекетте, жарқыраған күн мен көк аспанның астында тату-тәтті, бейбіт өмір сүрмес те едік. Сол себепті, осындай ерліктерімен ел есінде мәңгі қалған батырларымызбен мақтанып, оларды әрдайым үлгі тұту, аттарын асқақта беру, осындай еліне, жеріне адал, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу біздің міндетіміз деп білемін. Бізге осындай тыныш та, бейбіт өмір сыйлаған қазақ батырларына деген шексіз алғысымды өлең жолдары арқылы білдіргім келеді:

Көздері оттай жайнаған,
Көздегеннен таймаған,
Батырлары қазақтың
Елді жаудан қорғаған.
Жауыз жауға берілмей,
Қиын да болса, жеңілмей,
Жуынгері Отанның
Алға басты шегінбей.
Аталарым ардагер,
Еліне адал жауынгер.
Бейбіт күнде азат боп,
Құрметтейді оларды ел.
Мен олардың ұрпағы,
Мақтанамын сол үшін.
Еңбек етем өскенде,
Тәуелсіз туған жер үшін!

Біздің Солтүстік Қазақстан облысымыздан 120 мыңдай адам майданға шақырылды. Оның ішінде біздің Тауағаш ауылынан 200-ге жуық адам аттанды. Олардың қатарында менің аталарым да бар. Олар: Сиванбаев Серғали Кәкімжанұлы, Дүйсенов Сапар Дүйсенұлы, Сиванбаев Қазез Рақымжанұлы, Сиванбаев Әмен Кәкімжанұлы, Кәкімжанов Мәжен Кәкімжанұлы.

Сиванбаев Серғали Кәкімжанұлы – 1926 жылы 6 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Тауағаш ауылында дүниеге келген. Менің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әкемнің әкесі, туған атам. Әкемдер оны «Әку» – деп атайтын. Ол 1943-45 жылдары ІІІ-ші Беларусь майданына қатысқан. Кейбір деректерде, кітаптарда оны 250-ші атқыштар дивизиясында, 33-Армияда, 89АП-мерген деген. Үйде оның «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Кенсбергті алғаны үшін», «І-ші дәрежелі», «ІІ-дәрежелі Отан соғысы» үшін және көптеген мерекелік медальдары бар. Ол ауылға оралғаннан кейін педагогикалық жоғары білім алып, 35 жыл ұстаздық еткен. 4 мектепте директор болған. Олар: Железное селосындағы мектеп, Троицкое селосындағы мектеп, Мурманское селосындағы мектеп және өзінің туған ауылындағы Тауағаш орта мектебі, әрі тарих пәнінен сабақ берген. Ол қоғамдық жұмыстарды көп орындайтын, еңбексүйгіш адам болған. Облыстық үздік насихаттаушы атанып, Құрмет тақтасында суреті 4 жыл тұрған. Кейіннен қатты ауырып, 1998 жылы 21-ші ақпанда қайтыс болды. Егер Серғали атам тірі болса, қазір 90 жасқа келуші еді. Мен оны тірідей көрмесем де, ол кісі туралы оқығанда, естігенде көз алдыма бейнесін елестетемін. Атамның өмірлік серігі – Шәмәр әжем 2 жылдай бұрын өмірден өтті. Бірақ, атамыз жайында ол кісінің айтуынша: атамыз аласа бойлы, жұқалтаң жылы жүзді, ақ көңіл жан болыпты. Ерекше қасиеттері: еңбекқор, өте адал, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, мұнтаздай таза жүретін, ұқыпты, қарапайым кісі болған екен. Мен атам жайында көп біле бермесем де, оны қатты жақсы көріп, әрдайым жүрегімде сақтаймын.

2014 жылдың 8 мамыр күні Жеңіс күні қарсаңына мектеп қабырғасына мемориалды тақта орнатылды. Ол майданнан оралып, ауылымызда ұстаздық еткен ардагерлерімізге арналған тақта. Бұл тақтада Рахметов Зейнулғабиден Рахметұлы, Қазбеков Кенжебай Қазбекұлы және менің Сиванбаев Серғали Кәкімжанұлы атамның суреттері мен есімдері, өмір сүрген жылдары жазылған. Елі үшін адал қызмет етіп, осындай құрметті лауазым иесі атанып, есімі ешқашан ұмытылмайтын, халқы үшін нағыз ерлік көрсеткен батыр атамның туған немересі болғаным үшін мақтана аламын, осындай өміріме өте ризамын.

Дүйсенов Сапар Дүйсенұлы – құжат бойынша 1924 жылы туған. Ал шын мәнінде, 1926 жылы 10-шы шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Тауағаш ауылында дүниеге келген. Сапар атам Серғали атамның немере ағасы. Туған жерін қорғау үшін ол өзін 2 жыл үлкенмін деп 16 жасында соғысқа аттанған. Майданда оң қолынан қатты жарақаттанып, 19 жасында еліне мүгедек болып оралған. 50 жыл Заң орнында қызмет істеп, үлкен абыройға қол жеткізген. Қазір оның ізін балалары, немерелері қуып, жетілдіріп келе жатыр. Ол қазір үлкен ұлының қолында, Алматы қаласында тұрып жатыр. Қазір атам 90 жаста. Ол ауылға келген сайын туыстарының үйіне кіріп, зират басына барады. Атамыз келген сайын базарлығын алып келеді. Ауыл қарттарын көріп, көңілі бір тынышталады.

Осылайша аталарымыз соғыста үлкен ерлік көрсетіп, сол үшін ордендер мен медальдар алған. Көбі қайтып оралмаса да, олардың есімдері мәңгі халық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аузында. Олардың ерліктері, жеңіске жетер жолдағы қиыншылықтары кітаптарда жазылып, мақалаларда басылып, теледидарда айтылып жатады. Соғыста біз үшін ерлік көрсетіп, қаза тапқан адамдардың арқасында біз аман қалып, соғыстың қиындықтарын сезбей жүрміз. Осы үшін біз оларға үлкен алғыс білдіру керекпіз. Олар қорғаған елдерді, халықтарды біз қорғауымыз керек. Отан алдындағы парызымыз қаншалықты қымбат болса, бізді қорғаған аталарымыздың алдындағы парызымыз да сондай болуы тиіс. Әрине, бұл соғыстың зардабын тек біздің қазақтар ғана емес, көршілес елдер де көріп, ауыртпашылығын тартты. Кезінде бізге қандай қамқорлық көрсетілген болса, соғыстан аман келіп, өмірде қиыншылықтар көріп келе жатқан ардагерлерге біз көмек қолын созып, қамқорлық танытуымыз керек. Жоғарыда айтылғандай, ауылдан 200-дей адам аттанды, солардың 36-сы қайтып келді. Соғыста жарақат алып, бірақ, қайтып келгендер де бар. Кейіннен ауырып қаза тапты. Қазір ауылда соғыстан аман қалған екі ардагер бар. Олар: менің аталарымның бірі Дүйсенов Сапар және Некібаев Қожатай. Олар қазір ауылда емес. Бірақ, 9-мамыр күні ауылға, митингілерге келіп, көріп, сөз сөйлеп кетеді. Біз олармен мақтанамыз!

Міне, сол ағаларым көрген қиыншылықтардың аяқталуына 70 жыл толды. Олар көп қиындық көрсе де, жеңіспен оралды. Олар Жеңіс жауынгерлері!

Мен де аталарым сияқты еліме адал еңбек етуді мақсат етемін:

Арманым бар менің де –
Еңбек етем еліме.
Адал қызмет етемін
Сүйікті туған жеріме.
Туған жерім өркенде,
Сенсің менің тірегім.
Өзіңнен алыс кеткенде,
Сағынып сені жүремін.
Қазақстаным, Отаным
Соғады сен деп жүрегім.
Өркендету өзінді –
Саған деген тілегім.
Шегінбей тек алға бас,
Көрін биік шыңдардан.
Тәуелсіз туған елімді
Мақтан етем әрқашан!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Смағұл Балжан
Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданы
Бидайық орта мектебінің
10-сынып оқушысы
Жетекшісі: Әсемгүл Туқеева

Азаттықты ту еткен қанды соғыс

Уақыт көші жылжиды алға тоқтамай,
Жылжиды алға жауыздықты жақтамай.
Қан майданда қаза тапқан ерлерін,
Тұра алмайды уақыт еске сақтамай.
Жерлес ақын Қамон Шахметов

Ата - бабамыздың ерен ерлігі, батырлығы ешқашанда ұмытылмақ емес! Олардың елі, жері үшін қан төгіп аянбай күрескендігін мәңгі жадымызда сақтап, өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу- біздің парызымыз, азаматтық борышымыз деп ойлаймын.

Ұлы Жеңіс! Сол кезеңдегі ата- бабамыздың қайсарлығы мен төзімділігін жырлайтын, тарихта өшпес із қалдыратын Ұлы күн! Осы бір қасиетті күнді майданға қатысып, қан төккен аталарымыздың құрметіне тойлаймыз. Бір өкініштісі, Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған ардагерлердің жыл санап азаюы. Бірақ олар өмірден өткенімен, ерен ерліктері біздің жадымызда мәңгі сақтаулы.

Мен соғысқа қатысқан өзімнің нағашы атам Тайжанов Жамалбекті мақтанышпен еске аламын, оның маған айтқан шежіресі мәңгі жүрегімде өшпес таңба болып қалды. Ол сол қан майданның басы - қасында болған, сұм жылдардың айқын көріністерін өз көзімен көрген ардақты ардагер еді. Қазір өмірден өтсе де, бізге құнды естелік қалдырып үлгерді.

Атам 1939 жылы әскери фельдшерлік дайындық курсын бітіріп, майданға аттаныпты. 1941 жылдан бастап аға фельдшер қызметін атқарған екен. 1942-1943 жылдары немістерде 9 ай тұтқында болыпты. Және де 1943-1945 жылдары Украинада санитар взводында командир болған. Соғыстан кейін Целининградқа қайта келіп, өзінің медициналық қызметін әрі қарай жалғастырды. Соғыста қаншама батырды ажалдан құтқарған. Қаза болған батырлардың дене мүшелерін өміріне қауіп төніп тұрған адамға салып, солай талай жанды құтқарғанын айтады. Оның ерлігін мақтанышпен еске алып өз достарыма айта жүремін. Атамның соғыстан кейін алған медальдары да әлі күнге дейін сақтаулы. Атап өтетін болсам: «За победу над Германий»,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Будапешті, Венаны алғаны үшін», «Тридцать лет победе в Великой Отечественной войне» медальдары.

Менің туған жерім Бидайықта да Ұлы Отан соғысының ардагерлері бар. Осы жылы соғыстың соңғы ардагері, өкінішке орай, жуырда өмірден озды. Бірақ мектеп оқушыларына сұм жылдардың көріністерін баяндап беруге үлгерген болатын. Осы аталарымның жатқан жерлері жарық, топырақтары торқалы болсын деп тілеймін. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске ғажап күшпен жеттік. Ол әрине де, мызғымыс достық, татулық, бірлік деп ойлаймын. Қанша халық бір шатырдың астында бірігіп, бар күштерін, қайсарлықтарын бір арнаға тоғыстырды. Сол сұм жылдарда Кеңес үкіметінің жауды талқандап, жеңіске жетуіне Қазақ батырларыда өз үлестерін қосты. Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тіліне қарамастан бәрімізге ортақ қуаныш. Өйткені барлығымыз бір шатырдың астында бірліктің, татулықтың арқасында Отанымызды қорғап қалдық. Ұлы мерекенің мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, өйткені оның құндылығы ғасырлар бойы жас ұрпаққа өсиет болып қалмақ!

Өзімнің жүрек жарды ойларымды өлең өрнегімен де беріп отырайын.

Азаттықты ту етіп арыстарым соғысқан,
Отан үшін жан аямай залым жаумен алысқан.
Фашистерді ойран етіп, азаттықты әкелді,
Өшпес ерен ерліктері бір арнада тоғысқан

Шынында да, біздің қайсар мінезді ардагер қарияларымыз үлкен ерлік жасады. Елі, жері үшін соңғы демі, қасық қаны қалғанша жан аямай күресті. Олардың жасаған ерлігін ешқашан да ұмытпаймыз. Өйткені де олар өз заманының нағыз ержүрек патриоттары деп білемін.

Өшпес ерлік жасап, Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар да аз емес. Олар барлығы зор мәртебеге, арнаулы марапатқа лайықты. Осы батырлардың ерліктерін әрқашан мақтан тұтуымыз қажет деп ойлаймын. Ұлы Отан соғысын жырлаған ақындарда бар.

Қазақ ақыны Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өренім!» атты өлең жазды. Бұл өлең радиодан оқылып, батырларға рух пен жігерлілік сыйлады.

Жеңіс күні - бұл адамзат аңсап өткен күн, 1945 жылдың 9 мамырдағы азаттық күрестің айбынды күні. 9 мамыр-қасиетті дата, өйткені миллиондаған өмір адами өркениетті құтқару үшін беріледі. Жеңіс күнін тойлау-үлкен ұрпақтың ерліктерін еске алу құрметі, шексіз ерлік пен отансүйгіштік рухында жастарды тәрбиелеудің мысалы.

Бұдан былай елімізде бейбіт өмір болсыншы,
Әр қазақтың отбасына бақ-береке қонсыншы.
Еліне адал қызмет етіп, жас-жеткіншек өрендер,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Барлығы да аман болып бақытты өмір сүрсінші

Соғыс заңы қатал және әр қырлы. Мұнда аяушылық білдіру болған емес. Майданда қарсылас жақтың адамдарын ғана емес, өз елінің азаматтарын да жазалау жиі кездесті. Сондықтан да әр қазақ баласы Ұлы Отан соғысының қандай күшпен бізге келіп жеткенін, батырларымыздың азаттық жолындағы күресін ешқашанда ұмытпасын.

Жеңіс туы желбіреді қазағымның көгінде,
Бақ-береке, шаттық орнап әр қазақтың төрінде.
Аталардың ерліктерін мақтанышпен еске алып,
Ешқашанда ұмытпаймыз, өтсе -дағы өмірден
Осы қайсар мінезді батырларымыздың арқасында бейбіт, тыныш өмір
сүрудеміз. Жеңістің көк туы мәңгі желбіресін!

Сухлова Юлия

10сынып, КММ «Мирный орта мектебі»

Жамбыл ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы

Жетекші: Тұрлыбаева Айжарқын Тілеужанқызы

Ерліктеріңіз ұмытылмас

Биыл - Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 70 жыл. 22 маусым – барлық посткеңестің, елдердің тарихындағы ең қайғылы күндердің бірі. Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң ата бере фашистік Германия, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Ұлы Отан соғысы осыдан 69 жыл бұрын аяқталғанымен, оның салған жарасы талай жүректе әлі де бар. Балғын балалық шақтары осынау зұлмат жылдармен тұспа-тұс келген жандар қаншама?! Бірі қару көтеріп, соғысқа аттанса, енді бірі тылдағы еңбекті үлкендермен бірге бөлісті. Ел басына түскен қиын-қыстау шақта тылда кара жұмысқа жегілген кешегі балалар – бүгінде бір әулеттің ақ сақалды атасы, шежірелі қазынасы. Отанын қорғауға көтерілген біздің халықтарымыз Баренцев теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықта шарпыған соғыс даласында зұлым жаумен шайқасып, әлемге майдан даласында ғана емес, тылда да батылдықтың, табандылық мен патриотизмнің ұлы үлгілерін паш етті. Барлық тауқымет пен қиыншылықты тең бөліскен олар, өз жеңістеріне сенді және қатар шайқасып, жауды жеңді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест камалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы. Әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзіне Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кейінірек халық қаражатына тағы 10
танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер
мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс
жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион
рубль жинап берді. Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы
да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4
миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер
сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы
көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың
барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт
мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген
кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың
бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасө
спірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды.
Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды.
Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі
де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. КСРО-ның батыс
өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға
Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды.
1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110
мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер
аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен
офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі
Алматыда құрылды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан
даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза
тапқандардың саны туралы
мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, ада
мзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан
астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70
мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың
шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-
телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да
байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40
мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың
мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың
кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.
Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ
монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің
ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл
соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Ауылдық округте Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған дайындық
жұмыстары басталып та кеткен. Оның басты дәлелі - Жеңіс саябағының бой

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көтеруі .Айналасы гүлмен көмкерілген монумент кешегі сұм оқиғалар желісінен сыр шерткендей. Көз алдыңа қарумен қан майданда Отан үшін арпалысып жүрген жауынгер мен күні-түні далада кетпенімен талмай еңбектеніп жатқан тылдағы жұмыскерлер келеді. Сол бір қиыншылықты өткерген ардақтыларымыз санаулы ғана қалды емес пе?! Сол себепті, алда келе жатқан Ұлы Жеңістің 70 жылдығын лайықты, жоғары дәрежеде атап өту – біздің, яғни кейінгі ұрпақтың борышы. Әрине, мұның бәрі сұрапыл соғыста дұшпанының сағын сындырған майдангерлер алдындағы перзенттік парызымызды өтеудің аз ғана бөлігі. Себебі, от пен оқтың ортасында жүріп, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қазыналы қарттарымыз қандай да болсын қошеметке лайық. Мұндай соғыстың ешқашан қайталанбау керектігін және кез келген агрессорды әділ жаза күтіп тұрғанын баршамыздың есімізге салады. Осы соғыс туралы тарихи шындықты, оның қалай басталып, қалай аяқталғаны туралы келер ұрпаққа жеткізуді маңызды міндет санаймыз. Ұлы Жеңіс - біздің елдеріміздің халықтарын біріктіріп отырған басты тарихи оқиғалардың бірі, Ұлы Жеңіс - достық, бауырластық және тату көршілік мұратында тәрбиеленіп отырған соғыстан кейінгі жылдардың барша ұрпақтары маңызды рухани құндылық, адамгершілік тұғыры.

Төлеген Әділ

СҚО,Ғ.Мүсірепов атындағы ауданы

Ломоносов орта мектебінің

4 сынып оқушысы

Мұғалім: Темірбекова Мөлдір Серикқызы

Ұлы Отан соғысы-бұл әрбір отбасына қайғы мен қасірет әкелген жыл. Соғыс миллиондаған адамды өмірінен айырды. Адамдардың тағдыры әр түрлі, біреулері майданға жетіп қаза тапты, біреулері ауыр жарақат алып үйлеріне қайтты, ал біреулері жаудың тұтқыны болды. Міне, мен де өзімнің нағашы атамның әкесі туралы шағын шығармамды жаздым. Менің нағашы атамның есімі Әлмұқанов Сейіт. Ол 1917 жылы Сарыбұлақ ауылында туған.1939 жылдың қарашасында әскерге шақыртылды. Үйге оралатын кезде соғыс басталды. Майданда жаумен шайқаста ауыр жарақат алып оң қолынан айырылып, тұтқынға түсті. 1945 жылы тұтқындалғандар босатылды, босатылған солдаттар арнайы тексерістен өтті, менің нағашы атам да сол тексерістен өтті. Басшылар жағынан наразылық болған жоқ. Сөйтіп өз еліне аман-есен оралды. Еліне оралған соң 16 жыл бойы шаруа бөлімін жабдықтау бойынша директордың орынбасары болып жұмыс атқарды.Челябинск, Уфа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

және т.б қалаларға жиі іс сапарларға барып тұрды. 1952 жылы отбасын құрды. Жұбайының есімі-Кәмәл. Артынан Әлия, Серік, Серікбай, Зейнура, Айтбай, Жанат, Өмірсерік, Алтын есімді балалары дүниеге келді. Ең қызығы бұрынғы заманда, егер ағайындылардың біреуінде бала болмаса, ағасы інісіне өз баласын береді екен. Осындай әдет-ғұрыпты ұстанып Сейіт атам Серікбай есімді баласын 2 жасынан інісіне беріпті. Сейіт атам кеңпейілді, жомарт адам болған, көмек сұраған адамдардың бетін ешқашан қайтармаған. Оның ордендары өте көп. Кәмәл әжем нағашы атамның ордендерін әлі күнге шейін көзінің қарашығындай сақтайды. Сейіт атам мен Кәмәл әжем 37 жыл бірге тату-тәтті өмір кешті. Сейіт атам обыр ауруына шалдықты, сол кезде менің Серік нағашы атам оны емдеудің жолын іздеді. Ол кезде медицина әлі нашар дамыған ба?, әлде олар халық медицинасына көбірек сенді ме? бірақ үміт ешқашан өлмейді дегендей, Алматы қаласында бір өте әйгілі бақсы (емші) болыпты, сол кісіні нағашы атам 20 күн іздеп таба алмай ауылға оралады. Ол үйге келгенде Сейіт атам дүниемен қош айтысады. Иә, ол кісі бұл жалғанмен қош айтысты, бірақ оның артынан балалары, немерелері, жиендері қалды. Бүгінгі күні атамыздың көрмеген қуанышын Кәмәл әжеміз көріп отыр. Әжеміз 15 немере, 19 жиен, 2 шөбере сүйіп отыр. Әжеме тілейтінім көп жыл өмір кешіңіз, біздің арамызда кәртаймай, ауырмай жүре беріңіз! Сейіт атамыз біздің есімізден кетпейді. Өйткені, Ұлы Отан Соғысының ардагерлері бізге бүгінгі жарқын болашақты сыйлады. Сіздерге үлкен рақмет айтып, басымды иемін!

Усенова Камила

8 сынып, № 24 орта мектебі,

Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысы

Жетекші: Мейірманова Алмагүл Сайлаубекқызы

Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат

Шүйінші, халқым, шүйінші!

Шүйіншіге сүйінші!

Шаттан, ата-анамыз,

Шаттан, аға-бабамыз,

Кек қайтарып фашистен,

Соғыс бітті жеңіспен,

Жендік жауды күресте

Жасалсын той-мереке.

Т. Жароков

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жау жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық! Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн! Жеңіс күні!

Бұл кеңес халқының ержүректігі мен төзімділігін, батырлығымен қатар батылдығын айғақтайтын күн! Бұл - елі үшін жанын пидә еткен аға-апаларымыздың асқақ арманының орындалғаны. Бұл - ата-апаларымыздың еңбегінің жемісі. Бұл тарихта алтын әріптермен жазылған елеулі оқиға. Жеңіс күні бәріне ортақ! Бұл мерекені балалар арайлап атқан таңы үшін алғыс айта отырып тойлайды. Ана, әкелер – елі үшін жан қиған әке-шешелерін жоқтай отырып тойлайды. Ақ жаулықты әжелер қайтып оралмаған жарлары, балалары, бауырлары үшін жастарын төге отырып тойлайды. Бұл мейрамды ерен еңбек етіп тер төккен тылдағылар тойлайды. Бұл мерекені өз көзімен жолдастарының жан қиғанын көрген аяулы ардагерлер тойлайды. Бұл мерекені КСРО-ның 15 одақтас республикасымен бірге жер шарының көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Бірақ бұл күн – Жеңіс күні бізге оңай келмеді. Ол асау аттай өз тізгінін бермей, талай жастарды қыршыннан қиды емес пе? Осы жолда батыр ағаларымызбен қатар, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды қайсар апаларымыз да құрбан болды. Бірақ олар бұл құрбандыққа ойланбастан-ақ барды. Олар Жеңіс жолында өз кеуделерін оққа тосты. Арайлап атқан таң үшін күресеміз деп, кетті де оралмады. Тылдағы елге соғысқа кеткен жақындарынан қара қағаз ағылып жатты. Жас төгілді, тер төгілді, қан төгілді, жан қиылды... Десе де, бұл құрбандықтың бәрі бізге Жеңіс әперді. Қай майданда қаза болған аға-апаларымыздың орны ойсырап жатса да, кеудеміз қайғыдан қарс айырылса да, жүрегімізде жарқын болашаққа деген сенім артып бара жатты. Біз алға қарай нық қадаммен бастық, әлі де басып келеміз. Бұның бәрі де Ұлы жеңістің арқасы.

Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын тігіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ешқашанда ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – ерен еңбекпен келген Жеңіс күнін сақтау және арайланған таңымызды, көктегі биік тігілген туымызды болашақ ұрпаққа жеткізу.

Ұлы Жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Хафизов Хасен

7 сынып, «№ 42 орта мектеп» КММ

Петропавл қаласы, СҚО

Жетекшісі: Жұмабаева Самал Екпінқызы

Жазушы Ұлы Отан соғысы туралы

Қазақ әдебиетінде Ұлы отан соғысы тақырыбына жазылған шығармалар аз емес. Қай ақын, жазушының шығармашылығына үңілсек те, соғыс салған жараны еске алу, кейін бейбіт еңбекке көшуді, майдан және тыл өмірі туралы көптеген туындылары бар. Ең алдымен, майданда ерлік істерімен танылған қазақтың батыр ұлдары мен қыздарын мадақтап жазылған қазақ әңгімелері, очерктері, романдары соғыс кезінде, соғыстан кейін де жарық көреді. Олардың басты кейіпкерлері болып Төлеген Тоқтаров, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Мәншүк Мәметова сияқты Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандықтар алынды. Сол кездегі әдебиеттің басты тақырыбы - елдің, ер азаматтардың ерлігін көрсету, халықтың рухын көтеру, фашистік басқыншыларға қарсы өшпенділікті күшейту болып табылады. Біздің жерлесіміз Сәбит Мұқанов та соғыс кезінде жалынды өлеңдерімен жауынгерлердің патриоттық сезімдерін нығайтып, рухын көтеру үшін еңбек еткен. 1942 жылы «Жеңімпаз Қызыл Армия» өлеңінде былай деп жазған:

Бұзылмас граниттей бар ұясы,
Алып күш, жеңімпаздық тәрбиясы,
Емес пе тауды доптай қаққан бұл күш,
Советтің туған Қызыл Армиясы.
Көріне көміп жауды өзі қазған,
Жер шарын ашып батқан қанды саздан.
Біздің Қызыл Армия адамзатқа
Береді мәңгі қоныс гүлді жаздан.

Көркем сөзді үлкен рухани күштеп таныған ол оны Отан қорғау ісіне жұмсайды. Сөзге армия қызметін жүктейді. Поэмалар бомбавоздың, проза ауыр зеңбіректің, очерктер барлаудың қызметін атқарады.

Ұранға даусын қосып осы кезде,
Ең алдыңғы қатарда түсіп көзге,
Майданға аттанбақшы ақындардың
Жүрегін жарып шыққан жалын сөз де,-

деген жолдарда әдебиеттің қоғамға, Отан қорғау ісіне қызмет етуі сөз болады.

Сәбит Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеуді қорғауда Қазақстанның даңқын көтерген панфиловшы жауынгерлер, майдан батырлары жайлы өлеңдер жазады. С.Мұқановтың «Батыр қыз» әңгімесі нақты деректер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

негізінде майдан батырларының ерлігі суреттелген. Сонымен қатар, С.Мұқанов соғыс уақытында тылда да ерлікке жетуге болатынын, мұның маңызы майданнан кем емес екендігін көрсетуді көздейді. «Сырдария» романында (1948) қазақ еңбекшілерінің соғыстың алды мен тұсындағы күрес көрсетіледі. Роман Ұлы Отан соғысы тудырған өмір қиыншылықтарды кеңес адамдары тең бөлісіп, ел қамы үшін еңбекте табысқан достар туралы өмір шындығын суреттейді.

Жазушылардың соғысқа арналған шығармалары арқылы майдан мен тылдың, елдің, халықтың құрыштай бірлігі, жеңіске жеткізген жауынгерлердің қаһарман рухы туралы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, сол туындылардың жастарда отаншылдық сезімді тәрбиелеуде мәні уақыт өткен сайын өсе беретіні анық.

Шаймерденова Толғанай

8-сынып, КММ «Тоқсан би ауылының орта мектебі»

Солтүстік Қазақстан облысы

Ғабит Мүсірепов атындағы аудан

Соғыс туралы атамнан білемін

Біз соғысты көрген жоқпыз,
Естідік,
Соғыстан соң туғандармыз,
Етек жауып, ес біліп.
Соғыс үні жетім болып, жесір боп,
Тұратындай әлі бізге естіліп...
Ж.Әуелбайұлы

Ұлы Отан соғысында қазақ жерінің қаншама азаматтары қазақ елін, қазақ жерін сақтап қалуды мақсат етіп, ерлік жасады. Сол кезде қандар дариядай ақты, оқтар жаңбырдай жауды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы аяқталғанына 70 жыл толды. Осы қаһарлы оқиғаларды өз көзімен көріп, Жеңіске әр күнді жақындатып, соғысқа қатысқан адам туралы сөз қозғағым келеді.

Менің атам - Шәукен Алибаев - Ұлы Отан соғысының ардагері. Атам 1926 жылы 22 наурыз күні туған. Соғыс басталғанда, атам он беске толған жасөспірім бала еді. Сұм соғыс атамның балалық шағын бұзып, оны қиын заман азаптарына кез қылды. Соғыс ауыртпалығы ауылда қалған әйелдер мен балалардың енесіне тиді.

1944 жылдың қаңтар айында он сегізке толмаған бала болса да Рузай аудандық әскери комитетінің шақыруымен майданға аттанды. Дайындық оқу бөлімінен кейін қатардағы жауынгер Алибаев үшінші Белорус майданына барып, миномет ротасында болды. Атам шайқастарға қатыса Эльбаға дейін жетті, Жеңіс күнін Берлиннен 160 шақырым жерде қарсы алды.

- Батальон командирі әзірбайжан жігіті еді, мені жерлес деп атайтын. Бір күні мен әскери ережесіне сай сөйлей осылай атауынын себебін сұрадым. Ол біз екеуіміз де мұсылман болғасын, жерлес екенімізді шындады. Сонда мен соғыста бауырмалдық, бірлік, халық достығы қалай бағаланатынын түсіндім. Мүмкін, сондықтан осы соғысты жеңіспен аяқтадық. Барлық ел адамдары, ұлтына да қарамай, фашизмге қарсы жұмыла көтерілді. Соғыс ортақ қайғыға айналды», - деп айтатын атам, соғысты есіне алғанда.

- Берлинге жетпей-ақ соғыстың аяқталғаны туралы білдік. Тоғызыншы, оныншы мамыр күндері жеңісті тойлап жаттық. Бәріміз бірге қуанып, бір-бірімізді құшақтадық. Қуаныш та бәрімізге ортақ еді, - деп әңгімелейтін менің атам. Содан кейін олар үйге қарай жолға жаяу аттанды. Сапты бұзбай, жаяу жүріп келе жатқан жауынгерлерді елестетемін. Эльбадан Витебскіге дейін солай жүре берді. Соғыс кезінде қирап қалған Витебск қаласын қалпына келтіру үшін бір жарым ай сонда еңбек етеді.

Шәукен атамның соғыстан кейінгі өмірінде көптеген қалалар өтіп жатты. Олар – Орша мен Брест, Куйбышев пен Орел. Жұмысқа жарамды жас адамдар барлық жерде керек еді. Ұшқыштар бөлімі орналасқан Москва түбіндегі Кубинка стансасына келді. Онда ұшақтар сынақтан өтетін. 1947-1950 жылдары аралығында сонда қызмет етті. 1950 жылы ғана ол әскери қызметінен босатылып, Қазақстанға, туған ауылына орала алды.

Соғыстан он жыл өткесін менің атам Бахия Төлеева деген сұлу қызды кездестірді. Олар 1960 жылы үйлену тойын өткізді. Шәукен-атам және Бахия-апам сегіз бала тәрбиеледі. Балалары Қазақстанның әртүрлі аймақтарында тұрады. Олар білім алып, еңбек етіп жүр, отбасыларын құрған.

Өкінішке орай, атамыз арамызда жоқ. 2012 жылы сүйікті қариямыз қайтыс болды. Үлкен және тату отбасы болып, біз атамыздың немерелері тұрамыз. Біз жетеуіміз. Бәріміз атамызды еске аламыз, арамыздағы апамызды құрметтейміз. Шәукен атамыздан өнеге алған біз жақсы оқимыз, ата аналарымызға көмектесеміз, үлкендерді сыйлаймыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Атамның жауынгер марапаттары бар: «Кенигсбергті алған үшін», «Берлинді алған үшін», «Жеңіс үшін» медальдары, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысының ордені», көптеген мерейлі медальдар.

Шәукен атамның тағы бір қымбатты, есте қалатын заты сақталған. Ол Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолынан Жеңістің 60 жылдығына сыйланған сағаты. Жеңістің әрбір мерейлі күндеріне атам медальдар алып жүрді.

Менің атам сондай ер еді. Атамды мақтан етемін, ерлігіне тағзым етемін.

Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қазақ жерінің Кеңес Одағының қаһарманы, батыры, белгілі жазушымыз Бауыржан Момышұлы былай деп жазған еді: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік».

Соғыс, соғыс... Соғыс деген неткен суық сөз. Алапат сол бір соғыстың ізі, сұрапыл күндерінен қалған сұмдық суреті күні бүгінге жоғалмай, ән болып айтылып, өлең болып жырлануда.

Отан үшін отқа түскен соғыс ардагерлері барлық құрметке лайық. Өйткені, «соғыс» деген суық сөздің үстіне «Жеңіс» атты қуанышты жарқырата жазуға үлес қосқан сол қарттарымыз емес пе?!

Солардың арқасында бүгінгі таңда біз «қазақ» атты өте күшті дамыған елміз. Күніміз бейбіт, өміріміз жайдары, көңіліміз ашық, шабытты балалармыз.

Қайғыны білмесін ана жаны,
Қазіргі адамның арманы сол.
Әлемнің бар сәби балалары,
Оянсын ұйқысы қанғаны соң
Арманымыз орындалсын!